Learn through context, not just individual words. Use audiobooks and movies with emotional delivery. Repeat phrases with native-like intonation. Record yourself, listen back, and correct.

Conclusion

NLP helps you not just learn English but think in it. It’s a powerful tool to overcome fear and boost learning efficiency. The key is consistency and a positive mindset.

Neuro-Linguistic Programming (NLP) is a psychological approach that involves analyzing and modifying patterns of thought and behavior. In the context of learning English (or any language), NLP can be used to improve motivation, confidence, memory, and communication skills.

Key Principles of NLP in Language Learning

1. Modeling Excellence

NLP encourages learners to observe and model people who are successful in English communication—this could be native speakers or confident non-native speakers. By mimicking their speech patterns, tone, gestures, and mindset, learners can accelerate their progress.

2. Anchoring Positive Emotions

NLP teaches techniques to associate learning with positive emotions. For example, a learner might use a gesture or visualization technique to recall a time they felt confident, applying that feeling during English speaking or listening tasks.

3. Visual, Auditory, and Kinesthetic (VAK) Learning Styles

NLP recognizes that people learn in different ways:

• Visual learners benefit from images, videos, and written words.

• Auditory learners benefit from listening to audio and speaking aloud.

• Kinesthetic learners learn best by doing—role-playing or interacting with physical learning aids.

Tailoring English lessons to match the learner's preferred style enhances retention and engagement.

4. Reframing Limiting Beliefs

Many learners struggle with beliefs like "I'm too old to learn English" or "I'm not good at languages." NLP techniques help reframe these negative thoughts into empowering beliefs, such as "I'm improving every day."

5. Meta-Model Questioning

This technique involves asking specific questions to clarify and deepen understanding. In language learning, it can help learners analyze sentence structure, clarify grammar doubts, and expand vocabulary.

6. Swish Technique

A visualization technique that helps replace negative thoughts (e.g., fear of public speaking in English) with positive images, boosting confidence in using the language.

How to Apply NLP to English Learning

• Use affirmations and visualization to build confidence before speaking.

• Watch and mimic fluent speakers to model pronunciation and rhythm.

• Practice using all senses—read aloud, watch videos, and act out dialogues.

• Identify and challenge any mental blocks or fears about learning.

• Keep a learning journal that includes positive reflections and progress.

Conclusion

NLP offers a psychological toolkit that complements traditional English learning methods. It focuses on mindset, motivation, and tailored strategies to make learning more efficient and enjoyable. While not a replacement for grammar and vocabulary study, it can greatly enhance a learner's confidence and effectiveness.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Nation, I. S. P. (2001). Learning Vocabulary in Another Language. Cambridge University Press.
2. EF English Proficiency Index 2023 – https://www.ef.com/wwen/epi/
3. https://search.app/pb7zdhVrHvAxBuEr8 - Қазақстандағы интернет қолданушылары туралы статистика.
4. https://search.app/ydByrx3rzYqMvRJeA - Тіл үйренуде интернет ресурстарын тиімді пайдалану жолдары.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-97-103
ОӘЖ 541.612:371.3

ОРГАНИКАЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ МЕХАНИЗМІ БОЙЫНША ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

ИСЛАМ ЖҰЛДЫЗ ЕСЕНӘЛІҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Жаратылыстану» институты,
«Биология, география және химия» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., профессор **ТАПАЛОВА АНИПА СЕЙДАЛИЕВНА**
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. *Бұл мақалада органикалық химиядағы реакция механизмдерін меңгертуде оқу тапсырмаларын құрастырудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Студенттердің теориялық білімін тереңдетуге бағытталған құрылымдалған тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Негізгі назар нуклеофильдік, электрофильдік, радикалдық механизмдерді түсіндіру арқылы логикалық ойлау мен аналитикалық қабілеттерді дамытуға аударылды. Практикалық сабақтар мен өздік жұмыстарға арналған жабық және жартылай жабық тапсырмалар түрлері сипатталып, тиімділігі талданды. Құрастырылған тапсырмалар реакция механизмдерінің кезеңдерін дұрыс талдауға, химиялық терминдерді дәл қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері оқу процесіне енгізілген тапсырмалардың танымдық белсенділікті арттыратынын көрсетті. Білім алушылардың жауаптары негізінде тапсырмалардың мазмұндық және құрылымдық жағынан тиімділігі дәлелденді. Әдістемелік жүйе кәсіби құзыреттілік пен пәндік түсінікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Алдағы кезеңде бұл тапсырмаларды цифрлық форматқа көшіру мен саралап оқытуда пайдалану ұсынылады.*

Түйінді сөздер: *органикалық химия, реакция механизмі, оқу тапсырмасы, логикалық ойлау, теориялық білім, практикалық сабақ.*

Аннотация. *В статье рассматриваются методические основы составления учебных заданий по темам механизмов реакций в органической химии. Представлена система заданий, направленных на углубление теоретических знаний студентов. Основное внимание уделено освоению электрофильных, нуклеофильных и радикальных механизмов с целью развития логического и аналитического мышления. Приведены примеры закрытых и полуоткрытых заданий, адаптированных для практических занятий и самостоятельной работы. Разработанные задания способствуют правильному анализу стадий реакций и точному использованию химической терминологии. Результаты исследования показали, что данные задания активизируют познавательную деятельность обучающихся. На основе анализа ответов студентов доказана структурная и содержательная эффективность заданий. Методическая система играет ключевую роль в формировании профессиональной компетентности и углублённого понимания учебного материала. В перспективе предлагается разработка цифровых версий данных заданий и их внедрение в дифференцированное обучение.*

Ключевые слова: *органическая химия, механизм реакции, учебное задание, логическое мышление, теоретические знания, практическое занятие.*

Abstract. *This article explores methodological approaches to designing educational tasks on reaction mechanisms in organic chemistry. A structured system of assignments is presented to enhance students' theoretical understanding. Emphasis is placed on mastering electrophilic, nucleophilic, and radical mechanisms to develop logical and analytical thinking. Examples of closed*

and semi-open tasks are provided for use in practical classes and independent work. The designed tasks help students accurately analyze reaction stages and apply chemical terminology correctly. The study results indicate that such tasks boost cognitive engagement among learners. Based on students' responses, the tasks proved effective in terms of both structure and content. The methodological approach plays a significant role in fostering professional competence and deeper subject comprehension. Future work involves digitizing these tasks and integrating them into differentiated instruction.

Keywords: *organic chemistry, reaction mechanism, educational task, logical thinking, theoretical knowledge, practical class.*

Кіріспе

Органикалық химияның теориялық негіздерін терең меңгеру – болашақ химия мұғалімдері мен ғылым саласында жұмыс істейтін мамандар үшін аса маңызды. Бұл саладағы реакциялар механизмін түсіну білім алушылардан жоғары деңгейлі аналитикалық ойлау мен себеп-салдарлық байланыстарды ұғынуды талап етеді. [1] Алайда университет студенттері мен педагогикалық мамандықтағы тыңдаушылар арасында органикалық реакциялар механизмін игеру барысында жиі кездесетін түсінбеушіліктер мен жүйелі қателіктер байқалады. Мұндай қиындықтар оқу нәтижелерінің төмендеуіне, сонымен қатар кешенді тестілеу (КТ), педагогтің білімін бағалау (ПББ) сияқты стандартталған бақылау түрлерінен әлсіз нәтиже көрсетуге алып келуде. Себебі осы аталған емтихандардың мазмұнында органикалық химияның негізгі тараулары, соның ішінде реакциялардың механизмдерін ажырату, салыстыру, түсіндіру міндетті түрде кездеседі.

Зерттеу өзектілігі: Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде қазіргі уақытта болашақ химия пәні мұғалімдеріне қойылатын кәсіби талаптар артып отыр. Әсіресе, органикалық химия курсының ішіндегі реакция механизмдерін терең меңгеру – пәндік білімнің сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы білім сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында студенттерге күрделі ұғымдарды меңгертудің заманауи жолдарын қарастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда. Сонымен қатар, магистратураға түсуші студенттер мен педагог мәртебесін растайтын мұғалімдер үшін КТ мен ПББ сынды тестілеу форматтарының мазмұнында реакция механизмдеріне қатысты тапсырмалар тұрақты кездесіп отырады. Алайда бұл тақырыпты меңгеру барысында көптеген студенттер оны формальді түрде жаттап алуға тырысады, ал тапсырма форматы сәл өзгерсе, жауап беруде қиналатыны байқалады. Сондықтан органикалық реакциялар механизмдері бойынша мазмұнды, деңгейлік және құрылымдалған оқу тапсырмаларын әзірлеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастыру – педагогикалық тәжірибе мен болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға зор үлес қосады.

Зерттеудің мақсаты – органикалық химиядағы реакция механизмдері бойынша оқу тапсырмаларын құрастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтап, олардың мазмұндық және құрылымдық сипаттамаларын ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

1. Органикалық реакция механизмдерінің оқу процесіндегі рөлін және мазмұндық ерекшеліктерін талдау;
2. Оқу тапсырмаларының дидактикалық талаптары мен когнитивтік деңгейлерге сәйкестігін анықтау;
3. Реакция типтеріне сәйкес оқу тапсырмаларын ғылыми негізде құрастыру жолдарын ұсыну;
4. Пәндік мазмұн мен тапсырма форматы арасындағы байланысты анықтап, мысалдар жүйесін жасау;
5. Құрастырылған тапсырмаларды студенттердің оқу жетістігін арттыруда қолдану мүмкіндіктерін сипаттау.

Зерттеу мәселесі: Органикалық химия пәнінің реакция механизмдері сияқты күрделі бөлімдерін түсіндіру барысында дәстүрлі лекциялық және жаттандылыққа негізделген оқыту әдістері студенттің терең түсінуіне және теориялық білімді нақты қолдануына жеткілікті деңгейде әсер ете бермейді. Бұл жағдай студенттердің тапсырма мазмұнын жете ұғынбауына, стандарттан тыс сұрақтарға жауап беру қабілетінің төмен болуына алып келеді. Осыған байланысты *«Органикалық реакциялар механизмдері бойынша танымдық деңгейі әртүрлі, құрылымдалған оқу тапсырмаларын құрастыру арқылы студенттердің теориялық білімін, аналитикалық ойлауын және оқу жетістігін қалай арттыруға болады?»* деген сұрақ – осы зерттеудің негізгі мәселесі ретінде алынды.

Материалдар мен әдістер

Органикалық химиядағы реакция механизмдерін түсіндірудің педагогикалық негізін құрайтын теориялық ақпараттар оқу материалының сапасын анықтайды [2]. Бұл тақырыпта оқушылар мен студенттерге мына негізгі теориялық ұғымдар түсінікті әрі жүйелі жеткізілуі қажет:

- *Реакция механизмдері* — молекулалық деңгейде орын алатын химиялық өзгерістердің кезең-кезеңімен сипатталуы. Бұл — электрондардың қозғалысы, байланыстардың үзілуі және түзілуі жолдары [3];
- *Электрофилді және нуклеофилді реакциялар* — электрофилдер мен нуклеофилдердің қатысуымен өтетін негізгі механизмдер [4]. Олар орынбасу, қосылу және айырылу реакцияларының түрлеріне бөлінеді;
- *Радикалды механизмдер* — электрон жұптары емес, жеке электрондардың қатысуымен өтетін реакциялар [5]. Бұл реакция түрі көбінесе радикалдар түзілуімен және олардың араласуымен сипатталады;
- *Қосылу, орынбасу және айырылу реакциялары* — органикалық молекулалардың құрылымдық өзгерістеріне негізделген негізгі реакция типтері [5].

Оқу үдерісінде бұл теориялық ұғымдарды меңгеру студенттің аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, химиялық процестерді түсінуде тереңдік береді. Сондықтан оқу тапсырмалары осы теориялық базаға сай құрылуы тиіс.

Оқу тапсырмаларының дидактикалық талаптары:

- Тапсырмалар мазмұндық нақтылық пен логикалық бірізділікті сақтауы керек;
- Оқу тапсырмалары когнитивтік деңгейлерге (Блум таксономиясы негізінде) сәйкес келуі қажет — яғни, бастапқыда білімді есте сақтау мен түсінуді, кейінірек қолдану мен талдауды, ең соңында синтез жасау мен бағалау қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс;
- Тапсырмалар студенттің білімін тексеріп қана қоймай, оларды ойлауға, салыстыруға және қорытынды шығаруға ынталандыруы маңызды;
- Кері байланыс орнатуға қолайлы, яғни студенттің жауабын өздігінен талдауына мүмкіндік беретін болуы керек.

Оқу тапсырмаларын құрастыруда реакция механизмдерін типтік топтарға бөлу — тиімді әдіс болып табылады. Бұл тәсіл оқу материалын жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы:

- *Электрофилді орынбасу (S_{N1}, S_{N2})* тапсырмалары бірінші топқа жатқызылады;
- *Нуклеофилді қосылу және айырылу* тапсырмалары екінші топқа;
- *Радикалды реакциялар* үшін үшінші топ құрылуы мүмкін. [5]

Әр топтағы тапсырмалар когнитивтік деңгейлеріне сәйкес бірнеше деңгейге бөлінеді — жеңіл, орташа, күрделі. Бұл жоспар оқу үдерісін кезең-кезеңімен меңгеруге және білім алушының ойлау қабілетін біртіндеп дамытуды қамтамасыз етеді.

Тапсырмаларды құрастыру кезінде олардың логикалық байланысы, мазмұнының нақтылығы және педагогикалық тиімділігі басты назарда болады. Әрбір тапсырма нақты бір реакцияның механизміне арналып, оған қатысты теориялық материалмен үйлестіріледі.

Зерттеуде келесі ***әдістер*** қолданылды:

- Теориялық талдау — әдістемелік әдебиеттер, оқу бағдарламалары, ғылыми мақалалар және оқулықтар зерттелді;

• Контент-талдау — емтихан тестілеріндегі және оқу материалдарындағы органикалық реакция механизмдеріне қатысты тапсырмалар қарастырылды;

• Жүйелеу және құрылымдау — реакция типтері бойынша оқу тапсырмаларын жіктеу және топтау әдісі қолданылды;

• Мысалдық модельдеу — авторлық оқу тапсырмалары әзірленіп, олардың құрылымы мен мазмұны сипатталды.

Нәтижелер

Зерттеу барысында органикалық реакция механизмдері негізінде оқу тапсырмаларын құрастыруға арналған құрылымдық модель әзірленді. Бұл модельде әрбір реакция типі (электрофилді орынбасу, нуклеофилді қосылу, радикалды механизм, элиминирлеу т.б.) когнитивтік білім деңгейімен байланыстырылып, тапсырма формасы және бағалау индикаторы бойынша жүйеленеді. [6]

Мысалы, электрофилді орынбасу механизмі бойынша оқу тапсырмасы: студенттерге бензолдың нитрлену реакциясының механизмін сипаттау талап етіледі. Тапсырма Блум таксономиясының «түсіну» және «қолдану» деңгейлерін қамтиды. Бұл тапсырманың формасы ашық сипаттағы сұрақ болады, ал бағалау индикаторы — реакцияның әр қадамын дұрыс және толық түсіндіру.

Тапсырмалар когнитивтік деңгейлерге сәйкес төрт негізгі топқа бөлінеді:

• **Түсіну деңгейі:**

Студенттерге электрофилді орынбасу реакциясының негізгі кезеңдерін атау және қысқаша түсіндіру ұсынылады. Мысалы, «Бензолдың нитрлену реакциясының бастапқы сатысында электрофил ретінде қандай ион түзіледі және оның әрекеті қандай?» [7] — деген сұрақ. Бұл тапсырма студенттің негізгі ұғымдарды игергенін тексереді.

• **Қолдану деңгейі:**

Мұнда студенттер белгілі бір реакцияның механизмін қадамдап түсіндіреді. Мысалы, «Бром бензолдың бромдануы реакциясының толық механизмін сипаттаңыз. Әр кезеңдегі электрофил мен нуклеофилдің рөлін түсіндіріңіз» [7]. Бұл тапсырма студенттің теориялық білімін нақты реакцияға қолдану қабілетін дамытады.

• **Талдау деңгейі:**

Бұл деңгейдегі тапсырмалар студенттен реакция механизмінің құрылымдық элементтерін талдауды талап етеді. Мысалы, «Нуклеофилді орынбасу (S_{N1} және S_{N2}) механизмдерінің арасындағы айырмашылықтарды салыстырыңыз және мысалдар келтіріңіз» [8]. Бұл сұрақ студенттің салыстырмалы талдау қабілетін дамытады.

• **Бағалау деңгейі:**

Студенттерге реакцияның дұрыс емес сипатталған механизмін ұсына отырып, оның кемшіліктерін табу және дұрыс механизмді қайта құру тапсырмасы беріледі. Мысалы, «Берілген реакция механизмі SN2 типінде деп көрсетілген, алайда бұл дұрыс емес. Қателікті анықтап, дұрыс реакция механизмін сипаттаңыз» [8]. Бұл тапсырма сын тұрғысынан ойлау мен терең түсінуді талап етеді.

Зерттеу нәтижесінде оқу тапсырмалары үш негізгі тип бойынша жіктелді: жабық, ашық және когнитивтік күрделілігі жоғары тапсырмалар.

• **Жабық тапсырмалар:**

Студенттерге бірнеше нұсқадан дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін тапсырмалар. Мысалы:

«Қай реакцияда электрофилді орынбасу механизмі жүзеге асады?»

а) Бензолдың нитрленуі

ә) Этанның гидрогенизациясы

б) Этанолдың гидролизі

Дұрыс жауап: а) Бензолдың нитрленуі. Бұл тапсырма «түсіну» деңгейіне сай және реакция типін ажырату қабілетін дамытады.

• **Ашық тапсырмалар:**

Студенттерге реакция механизмін толық және егжей-тегжейлі сипаттау ұсынылады. Мысалы:

«Бензолдың нитрлену реакциясының механизмін кезең-кезеңімен түсіндіріңіз. Электрофилдің түзілуі мен әрекетін, аралық өнімдерді атаңыз».

Бұл тапсырма жоғары когнитивтік деңгейлерге (қолдану, талдау) бағытталған және студенттердің теориялық білімді жан-жақты меңгеруін қамтамасыз етеді.

• **Когнитивтік күрделілігі жоғары тапсырмалар:**

Бұл тапсырмалар студенттерден реакция механизмінің дұрыс емес нұсқасын талдап, кемшіліктерін анықтап, түзету жасауын талап етеді. Мысалы:

«Берілген бромдың алкенге қосылу реакциясының механизмі дұрыс емес көрсетілген. Қателіктерді табыңыз және реакцияның толық дұрыс механизмін сипаттаңыз».

Мұндай тапсырмалар студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытып, органикалық химияның терең түсінігін қалыптастырады.

Осылайша, зерттеуде ұсынылған оқу тапсырмалары органикалық химияның реакция механизмдерін терең түсінуді қамтамасыз етеді, оқытудың түрлі когнитивтік деңгейлеріне сәйкес жүйеленген және студенттердің білім сапасын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Ұсынылған оқу тапсырмалары органикалық химиядағы күрделі тақырыптардың бірі – реакция механизмдерін меңгертуде тиімді әдістемелік құрал болып табылады. Әсіресе, тапсырмалардың Блум таксономиясына негізделіп құрылуы олардың дидактикалық әлеуетін арттырады. Қарапайымнан күрделіге қарай сатыланған бұл тапсырмалар жүйесі студенттердің білімін жүйелеуге, тереңдетуге және сыни тұрғыдан дамытуға бағытталған.

Мысалы, **электрофилді орынбасу** механизміне арналған тапсырмалар практикалық сабақтарда кеңінен қолданылды [9]. Студенттерге бастапқыда «Ароматты қосылыстардың электрофилді орынбасу реакциясын атаңыз» деген жабық сұрақ ұсынылды. Бұл тапсырма түсіну деңгейін тексеруге бағытталды. Кейінгі ашық тапсырмада «Толуол мен бром суының әрекеттесу реакциясының толық механизмін көрсетіңіз» деген нұсқа беріліп, студенттер реакцияның үш кезеңін (активация, аралық комплекс түзілуі, өнімнің түзілуі) кезең-кезеңімен сипаттады. Мұндай тапсырма реакция механизмін терең түсіндіруді талап етті.

ОСӨЖ мен СӨЖ сабақтарында тапсырмалар когнитивтік күрделілігіне қарай бейімделіп, студенттердің білімді өз бетінше қолдану және талдау дағдыларын дамытуға бағытталды. Мысалы, **нуклеофилді қосылу** механизміне қатысты тапсырмада: «Карбонил тобы бар қосылыстардың қосылу реакциясын механизмімен түсіндіріңіз» немесе «Берілген дұрыс емес механизм неліктен қате екенін дәлелдеңіз» деген сұрақтар ұсынылды. Бұл студенттердің логикалық пайымдауын, реакция сатыларын салыстыру және бағалау қабілетін дамытуға ықпал етті. [9]

Тапсырмалардың тиімділігі олардың әртүрлі формада берілуінде. Жабық типтегі тапсырмалар тестілеуге дайындық кезінде қолайлы болса, ашық және шығармашылық сипаттағы тапсырмалар практикалық дағды мен терең білімді қалыптастыруға негізделген. Бұл тапсырмаларды бейорганикалық және органикалық химия пәндерінде, аралас практикумдарда, сондай-ақ студенттердің өзіндік жұмыстары мен қорытынды бақылау тапсырмаларында қолдану кең мүмкіндіктер ұсынады.

Оқу тапсырмалары тек білімді тексерудің құралы ғана емес, сонымен бірге органикалық химиядағы күрделі процестерді меңгертудің негізгі дидактикалық тетігі ретінде қолданылады. Әсіресе, реакция механизмін кезең-кезеңмен сипаттау тапсырмалары студенттің теориялық білімін құрылымдауға мүмкіндік береді.

Элиминирлеу реакциясы бойынша берілген тапсырмада студенттерге «Этанол мен күкірт қышқылының әрекеттесу механизмін толық сипаттаңыз» деген тапсырма ұсынылды [10]. Бұл жерде студенттер реакцияның протондану, аралық карбкатион түзілуі және өнімнің бөліну сатыларын ашып жазып, электрондардың қозғалысын көрсететін көрсеткіштер арқылы

сипаттады. Бұл тапсырма студенттің логикалық ойлау, механизм құрылымын елестету және аралық сатыларды түсіндіру дағдысын дамытуға бағытталған.

Тапсырмалар студенттердің теориялық білімін тәжірибемен байланыстыруына көмектеседі. «Электрофил» мен «нуклеофил» ұғымдарын нақты мысалдар арқылы қолдану, аралық қосылыстар мен энергия профилін сипаттау студенттің кәсіби тілдік дағдысын жетілдіреді. Мысалы, «Гидратация реакциясының механизмін түсіндіріңіз» деген тапсырмада студент аралық иондық форма мен оның тұрақтылығын көрсету арқылы молекула ішіндегі процестерді нақты сипаттай алады. [10]

Сонымен қатар, «Қате ұсынылған реакция механизміндегі логикалық қателерді анықтап, дұрыс нұсқасын ұсыныңыз» деген сипаттағы тапсырмалар студенттердің талдау және бағалау деңгейіндегі қабілетін жетілдіреді. Бұл – тек дұрыс жауапты таңдауға емес, өз пікірін дәлелдеуге, балама шешім ұсынуға итермелейтін тапсырма түрі.

Оқу тапсырмаларының дидактикалық рөлі олардың оқу мақсатына сай келуінде ғана емес, студенттің танымдық әрекетін белсендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру және кәсіби тілдік ойлауын дамыту қабілетінде де көрініс табады.

Қорытынды

Органикалық химия – болашақ химик мамандар үшін теориялық білімі терең, логикалық құрылымы күрделі, әрі кәсіби терминологияға бай пәндердің бірі. Бұл саладағы негізгі ұғымдардың бірі – органикалық реакциялар механизмдері [11]. Оларды меңгеру үшін студент тек реакция теңдеуін біліп қана қоймай, молекула ішіндегі процестерді түсінуі, аралық өнімдердің түзілуі мен олардың қайта түрленуін кезең-кезеңімен елестете алуы қажет. Сондықтан бұл тақырыпты игертуде дәстүрлі ақпарат берумен шектелу жеткіліксіз. Тиімді оқыту үшін студенттің когнитивтік белсенділігін, түсіну, қолдану, талдау, бағалау сияқты танымдық әрекеттерін жандандыратын оқу тапсырмаларын әзірлеу қажеттігі туындайды. Осы орайда жүргізілген жұмыс органикалық реакциялар механизмдері тақырыбы бойынша оқу тапсырмаларын құрастырудың әдістемелік негіздерін ұсынуға бағытталды.

Зерттеу нәтижесінде оқу тапсырмаларын құрастыруға арналған құрылымдық модель ұсынылды. Бұл модель – реакция типтерін (электрофилді орынбасу, нуклеофилді қосылу, элиминирлеу, т.б.) студенттің білім деңгейі, тапсырманың формасы және бағалау индикаторы негізінде құрылымдауға мүмкіндік береді. Механизм түрі – білім мазмұнының негізін анықтайды, ал тапсырманың формасы – оны ұсыну әдісін, когнитивтік күрделілік деңгейін нақтылауға көмектеседі. Бағалау индикаторлары ретінде жауап мазмұнындағы дәлдік, логикалық рет, химиялық терминдерді дұрыс қолдану және реакция сатыларының ғылыми негізде сипатталуы алынды.

Оқу тапсырмалары жабық, ашық және жоғары когнитивтік сипаттағы түрлерде ұсынылды. Мысалы, «нитробензолдың броммен әрекеттесу механизмі қай типке жатады?» сияқты сұрақтар студенттің түсіну деңгейін бағаласа, «нитробензол мен бром суының арасындағы реакция механизмін толығымен жазыңыз» немесе «реакцияның ұсынылған механизміндегі логикалық қателерді анықтап, түзетіңіз» сияқты тапсырмалар қолдану және талдау дағдыларын қалыптастырды. Мұндай тәсіл студенттің тек білімін емес, сонымен қатар логикалық, аналитикалық және бағалау қабілеттерін де дамытуға әсер етті. [11]

Ұсынылған оқу тапсырмалары практикалық сабақтарда, студенттің өзіндік жұмыстарында (СӨЖ, ОСӨЖ), сондай-ақ тестілеуге дайындық кезінде тиімді қолдануға ыңғайлы. Олар органикалық химияны оқытудағы күрделі түсініктерді визуализациялау, нақтылау және жүйелеу үшін қолайлы құрал бола алады. Тапсырмалардың дидактикалық маңыздылығы – олардың студенттің теорияны түсіну қабілетін арттырумен қатар, реакция механизмдерінің логикасын жүйелі түрде қабылдауына ықпал етуінде. Сонымен бірге, студенттің кәсіби терминологияны орынды қолдануы, химиялық ойлау стилін дамытуы және өз шешімдерін ғылыми негізде дәлелдеуі – бұл тапсырмалардың маңызды нәтижелері ретінде бағаланады.

Қорыта келе, органикалық реакциялар механизмдері тақырыбына арналған құрылымдалған оқу тапсырмалары студенттердің теориялық білімін тереңдетуге, логикалық және аналитикалық ойлауын дамытуға, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін тиімді әдістемелік құрал болып табылады. Бұл тапсырмаларды оқу процесіне жүйелі енгізу арқылы пәннің мазмұнын меңгертуді оңтайландыруға болады. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, тапсырмалардың цифрлық нұсқаларын әзірлеу, деңгейлеп оқытуда қолдану және педагогикалық практикамен интеграциялау сынды әдістемелік қадамдар ұсынылады. Сонымен қатар, болашақ зерттеулерде әр тапсырма типін эксперименттік негізде сынақтан өткізу, олардың тиімділігін нақты бағалау және студенттердің оқу жетістігіне әсерін талдау өзекті болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ahluwalia, V. K. Organic Reactions and Their Mechanisms. – 2nd ed. – Cham : Springer, 2023. – 221 p. – ISBN 978-3-031-15694-6.
2. Balci, M. Reaction Mechanisms in Organic Chemistry. – 1st ed. – Weinheim : Wiley-VCH, 2022. – 620 p. – ISBN 978-3-527-34964-7.
3. Moloney, M. G. Organic Reaction Mechanisms 2020. – 1st ed. – Hoboken : John Wiley & Sons, 2024. – 610 p. – ISBN 978-1-119-71683-0.
4. Savin, K. A. Writing Reaction Mechanisms in Organic Chemistry. – 3rd ed. – Amsterdam : Academic Press, 2015. – 368 p. – ISBN 978-0-12-411475-3.
5. Бейсебеков, М. Қ. Органикалық химия (биоорганикалық химия элементтерімен) : оқулық / М. Қ. Бейсебеков, Ж. Ә. Әбілов. – Алматы : Қазақ ұлттық университеті, 2013. – 338 б. – ISBN 978-601-247-810-5.
6. Мендалиева, Д. К. Methods of teaching the topic «Types of chemical reactions in organic chemistry and their mechanisms» in the general education school on the basis of new technologies / Д. К. Мендалиева, А. Қ. Ғайса // Вестник ЗКГУ. – 2018. – № 4. – С. 98–107.
7. Омархан, С. Қ. ЖОО-да органикалық химияны оқытуда пәндік ерекшеліктерді қалыптастыру әдістерін практикалық іске асыру / С. Қ. Омархан // «Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2025. – Т. 3. – № 4. – Б. 106–113.
8. Оралбаев, Н. Н. Контекстік тапсырмалар негізінде органикалық химияны оқытудың ерекшеліктері / Н. Н. Оралбаев, Х. Н. Жанбеков, Н. А. Шадин // In the World of Science and Education. – 2025. – № 31 март ХН. – Б. 29–37.
9. Nurmakhanova, D. Y. Магистранттардың білім деңгейін өзіндік жұмыстарды Блум таксономиясымен ұйымдастыру арқылы дамыту / D. Y. Nurmakhanova, G. I. Meyirova // Bulletin of LN Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology series. – 2023. – Vol. 145. – № 4. – P. 175–184.
10. Сәуір, А. Қ. Химия пәнінде «Алкандар» тақырыбын оқыту әдістемесі / А. Қ. Сәуір, Б. Д. Балғышева // «Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2025. – Т. 3. – № 4. – Б. 22–29.
11. Ералиева, Н. М. «Органикалық химияның теориялық негіздері» пәнін ағылшын тобында оқыту / Н. М. Ералиева, Ғ. Ж. Байсалова // Химия ғылымы мен химиялық білім берудің өзекті мәселелері : Республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Нұр-Сұлтан : Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – Б. 176–180.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-104-107
УДК 372.851

ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

ШУКЮРОВ РАСИМ ЮСИФ ОГЛЫ
Азербайджанский Государственный Педагогический Университет
доцент, доктор философии по педагогике
Баку, Азербайджан

Аннотация: *В статье показаны цели и задачи использования модульной технологии обучения в процессе обучения математике в начальных классах, а также отмечено, что данная технология является средством оптимизации и индивидуализации обучения.*

Ключевые слова: *начальный класс, учащийся, математика, модульная технология обучения, оптимизация, индивидуализация.*

Обучение математике требует разработки методов обучения, которые повышают качество процесса обучения, способствуют активизации познавательной деятельности учащихся, развивают их мышление. Обучение этому предмету обеспечивает контроль за формированием представлений и понятий у учащихся, уровнем усвоения материала, мыслительной деятельностью. При обучении математике необходимо учитывать следующее:

• Начальное образование является базой для преподавания предметов на других уровнях общего образования, то есть на уровнях среднего и высшего образования;

• То, что устранить проблемы, возникающие при формировании и развитии мышления на начальном этапе обучения, — это сложный и трудоемкий процесс;

Проблемы могут возникнуть на любом этапе обучения. Отметим, что не каждый ученик может усвоить информацию, которую дает учитель, одинаково, не каждый ученик может ее правильно понять, то есть понять так, как он ее знает. Рассматриваемая нами модульная технология обучения — это взаимодействие учителя и ученика.

В целом, одной из успешных технологий, которая может быть использована при обучении математике в начальном образовании, особенно в начальной школе, является модульная технология обучения. Основная цель содержания образования во всех средних школах — воспитание самостоятельной личности, человека. Уроки, построенные с использованием этой технологией, приближают начальное образование к личностно-ориентированному обучению, и все проблемы, возникающие при обучении, могут быть решены с помощью модульной технологии обучения.

Суть использования модульной технологии обучения в образовании математики заключается в том, что «Ученик может работать самостоятельно с предложенной, целенаправленной программой деятельности, банком информации и индивидуальной программой обучения, отражающей методические указания для достижения поставленных целей [3, с.10].

Цели технологий обучения, используемых в начальной школе в современное время, следующие:

- Технологии обучения - это создание среды, поддерживающей ученика, адаптирующейся к целям, поставленным государством и обществом для образовательных и воспитательных учреждений;

- Они должны создавать повод для формирования учащихся как личностей, соответствующих современной эпохе;

- Они должны формировать интеллектуальный уровень учащихся и принимать меры, направленные на их развитие;

- Они должны прививать привычку выражать творческие идеи и отношения к каждому уроку и событиям в жизни;
- Ученикам следует прививать привычку к сотрудничеству;
- Технологии обучения должны глубоко прививать привычку применять и использовать полученные знания.

Одной из важнейших задач, стоящих перед учителем, является усиление активности всего класса и вовлечение каждого ученика в урок. Согласно исследованиям, модульная технология обучения является одной из наиболее подходящих технологий для выполнения поставленных задач. Прежде всего, главной особенностью данного метода является то, что ученик не приобретает готовые знания, а приобретает их самостоятельно, проводя исследования, объективно оценивая собственные возможности, обучаясь общению с одноклассниками, взрослыми и учителями, принимая на себя ответственность за результаты работы [1]. В целом одним из современных подходов являются современные педагогические технологии. Кроме того, существуют соответствующие каждому классу цели и задачи обучения. Рассмотрим каждую из них в отдельности.

К целям и задачам модульной технологии обучения в 1 классе можно отнести следующее:

Цель:

• Постепенно прививать ученикам начальные математические знания;
• Объяснять понятия числа и цифры и взаимосвязи между ними;
• Формировать навыки счета;
• Объяснять основные математические понятия простым и практичным способом;
• Развивать логическое мышление и навыки решения задач;
• Создавать образовательные возможности, предоставляя индивидуальный подход, соответствующий уровню знаний ученика;
• Вызывать интерес и энтузиазм к обучению на уроках математики;

Задачи:

• Адаптация программы по модульной технологии обучения в соответствии с учебным планом 1 класса и образовательными стандартами;
• Формирование внимания и памяти у учащихся;
• Сделать урок более интересным и привлекательным с помощью игр и интерактивных методов;
• Помощь слабым учащимся;
• Сделать процесс обучения эффективным и интересным с помощью ИКТ;
• Повысить способность к сотрудничеству, работая самостоятельно и в группах;
• Формирование у учащихся самовыражения;

В цели и задачи модульной технологии обучения во 2 классе входят следующие:

Цель:

• Развивать математическое и логическое мышление;
• Познакомить с понятием числа, отношениями между числами;
• Развивать навыки самостоятельной работы;
• Связывать математические знания с реальной жизнью;

Задачи:

• Развивать умение работать с задачами и примерами, соответствующими уровню знаний;
• Связывать практическую деятельность с математикой;
• Организовать процесс обучения по структурированным этапам;
• Создать условия для самостоятельной оценки учащимися своих знаний и умений.

Цели и задачи технологии модульного обучения в 3 классе:

Цель:

• Дальнейшее усложнение математического мышления и установление логических связей;

• Более глубокое усвоение математических понятий;

• Формирование и расширение знаний о числах, единицах измерения и геометрических фигурах;

• Связь математики с другими предметами;

Задача:

• Использование различных типов заданий, направленных на решение различных задач;

• Выполнение действий сложения, вычитания, умножения и деления чисел в пределах 1000;

• Развитие логического и творческого мышления;

• Развитие умения применять математические знания на практике;

• Укрепление навыков сотрудничества.

Цели и задачи технологии модульного обучения в 4 классе включают в себя следующее:

Цель:

• Развитие знаний, умений и навыков учащихся по математике;

• Расширение знаний о числах, дробях, свойствах геометрических фигур, сравнении единиц измерения и т. д.;

• Развитие критического подхода;

Задачи:

• Применение математических закономерностей;

• Побуждение учащихся к решению задач, формирующих и развивающих математическое и логическое мышление;

• Развитие навыков сотрудничества и лидерства;

• Развитие у учащихся способности анализировать и делать выводы на уроках математики;

• Обеспечение системного, поэтапного усвоения информации;

Использование модульной технологии обучения в начальной школе способствует формированию знаний и навыков по математике, соответствующих возрасту и уровню знаний учащихся. Если в 1 классе основной целью было формирование базовых математических понятий, то в 4 классе на первый план выходит применение этих знаний на практике и в жизни.

Данная технология обучения активизирует участие учащихся в уроке, дает им навыки свободного мышления и самостоятельного применения. В этом случае повышается мотивация учащихся. Благодаря данному методу учащиеся становятся самостоятельными, учатся сотрудничать, помогают принимать самостоятельные решения, а это является большим подспорьем в образовательной жизни учащихся. Поэтому освоение данной технологии очень важно [2].

Модульная технология считается разновидностью блочной технологии. Тематические блоки выделяются по особенностям предмета. Учитель делит блоки по программе и распределяет часы урока. Это организация процесса обучения, при которой ученик работает с учебной программой, состоящей из модулей, на основе индивидуального дифференцированного подхода.

Таким образом, можно сказать, что в процессе обучения математике в начальных классах за счет модульной технологии обучения ускоряется процесс развития учащихся, и она помогает оптимизировать процесс организации обучения и преподавания. То есть модульный метод обучения выступает как индивидуализированный метод обучения по содержанию, методам обучения, уровню самостоятельности, темпу познавательной деятельности учащихся.

ЛИТЕРАТУРА

1. Nəzərov M.H., Quliyev N.Z., Nəzərova X.M. Pedaqoji texnologiyalar. (Dərs vəsaiti) Bakı-2020. ADPU-nəşriyyatı. 467 s.
2. Гареев В. М. и другие. Принципы модульного образования. М.,2009.
3. Юцявичене П.А. Теория и практика модульного обучения. -Каунас, 2009.-271 с

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-108-111
ӘОЖ 004.58

OBSIDIAN ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН ИГЕРУ ҚИЫНДЫҚТАРЫН ШЕШУ

ОҢЛАСЫН НҰРАЙЛЫМ
6В06101-«Цифрлық аналитикалық білім беру жүйелерін жобалау» ББП 3 курс студенті
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекші - **КАЛДЫБАЕВА А.С.**
Алматы, Қазақстан

Түйін: *Бұл зерттеу Obsidian қосымшасының студенттердің оқу материалдарын игеру кезінде кездесетін қиындықтарды шешудегі тиімділігін зерттейді. Зерттеу ақпараттың үлкен көлемін басқару, білімді есте сақтау, тақырыптар арасындағы байланыстарды түсіну және уақытты тиімді пайдалану мәселелеріне бағытталған. Obsidian-ның жазбаларды ұйымдастыру, ішкі сілтемелер және қайталау жүйесі сияқты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, зерттеу сауалнамалар, эксперименттер және статистикалық талдау арқылы оның студенттердің академиялық жетістіктеріне әсерін бағалайды. Нәтижелер студенттердің 75%-ы ақпаратты құрылымдау оңайырақ екенін, 60%-ы білімді есте сақтау сапасы жақсарғанын, ал 40%-ы уақытты тиімді басқару деңгейі артқанын көрсетті. Зерттеу Obsidian-ды оқу процесіне енгізуді және студенттерге арнайы тренингтер өткізуді ұсынады.*

Түйін сөздер: *Obsidian, білімді басқару, студенттердің оқу процесі, жазба жасау, қайталау жүйесі, ақпаратты құрылымдау, академиялық жетістік, уақытты басқару.*

Қазіргі білім беру жүйесінде студенттер ақпараттың үлкен көлемін меңгеруге мәжбүр. Дәстүрлі оқу әдістері көбінесе ақпаратты тиімді ұйымдастыру, байланыстыру және есте сақтау қиындықтарын шешуге жеткіліксіз. Бұл мәселелер студенттердің академиялық жетістіктеріне кері әсер етіп, оқу процесін күрделендіреді. Obsidian қосымшасы — білімді басқаруға арналған инновациялық құрал, ол студенттерге оқу материалдарын жүйелеуге және оқу процесін оңтайландыруға көмектеседі. Бұл мақалада Obsidian-ның студенттердің оқу қиындықтарын шешудегі тиімділігі және оны қолданудың практикалық жолдары қарастырылады.

Студенттердің оқу процесіндегі негізгі қиындықтар:

1. **Ақпараттың шамадан тыс көптігі**: Лекциялар, оқулықтар, интернет-ресурстар және басқа материалдардан алынған ақпараттың көлемі студенттерді шатастырады.
2. **Есте сақтау мәселелері**: Күрделі тақырыптарды, формулаларды немесе фактілерді ұзақ мерзімді есте сақтау қиын.
3. **Байланыстарды түсіну**: Оқу материалдары арасындағы байланысты анықтау және білімді жүйелі түрде құрылымдау.
4. **Уақытты басқару**: Оқу тапсырмаларын жоспарлау және емтиханға дайындыққа уақытты тиімді бөлу.

Бұл қиындықтарды шешу үшін Obsidian сияқты заманауи құралдар тиімді шешім ұсынады.

Obsidian қосымшасының ерекшеліктері

Obsidian — Markdown форматына негізделген жазбаларды басқару құралы, ол студенттерге білімді жүйелеуге және оқу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Оның негізгі ерекшеліктері:

- **Блокноттық әдіс**: Жазбаларды тақырыптар, тегтер және категориялар бойынша ұйымдастыру.

• **Ішкі сілтемелер және графикалық байланыстар**: Жазбалар арасындағы байланыстарды құру арқылы білімді визуализациялау.

• **Spaced Repetition плагині**: Оқу материалдарын жүйелі түрде қайталауға мүмкіндік береді.

• **Тегтер мен іздеу жүйесі**: Ақпаратты тез және оңай табу үшін тегтер мен категорияларды пайдалану.

• **Оффлайн қолжетімділік**: Интернетсіз жұмыс істеу мүмкіндігі.

• **Плагиндер мен теңшеу**: Obsidian-ның функционалдығын кеңейтетін көптеген плагиндер (мысалы, Dataview, Kanban).

Obsidian-да жазбалардың байланыстарын визуализациялау

Obsidian қосымшасының "Graph View" функциясы студенттерге оқу материалдары арасындағы байланыстарды түсінуге және білімді жүйелі түрде құрылымдауға көмектеседі. Суретте "Web аналитика" пәніне арналған лекциялар мен тақырыптардың (мысалы, "Практикалық тәжірибе №1", "Лекциялар №1-№15") арасындағы өзара байланыстар график түрінде көрсетілген. Орталық нүкте "Лекциялар" деп белгіленген, ол әр лекция мен практикалық сабақтармен (мысалы, "Практикалық тәжірибе №3", "Практикалық тәжірибе №7") байланысты. Сондай-ақ, "Web аналитика" және "СРС 1" сияқты тақырыптар лекциялармен өзара сілтемелер арқылы байланысқан.

Бұл график студенттерге:

• Тақырыптар арасындағы логикалық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

• Білімдегі олқылықтарды (мысалы, байланыссыз қалған жазбалар) тез анықтауға көмектеседі.

• Оқу материалдарын қайталау мен тереңірек зерттеу үшін жоспар құруға септігін тигізеді.







Зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында «Web-аналитика» пәні негізінде бірнеше студент Obsidian қосымшасын оқу барысында пайдаланды. Пайдаланушы студенттер мен дәстүрлі әдіспен оқыған студенттердің нәтижелері салыстырылды. Сонымен қатар, сауалнама, бақылау және статистикалық әдістер арқылы мәліметтер жиналып, талданды.

- **Сауалнама**: Студенттердің Obsidian-ды қолдану тәжірибесі зерттелді.
- **Эксперимент**: Obsidian-ды қолданған және қолданбаған студенттер тобының академиялық нәтижелері салыстырылды.
- **Статистикалық талдау**: Алынған мәліметтер өңделіп, нәтижелер бағаланды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері Obsidian-ның студенттердің оқу процесін едәуір жақсартатынын көрсетті:

- **Ақпаратты құрылымдау**: Студенттердің 75%-ы Obsidian арқылы оқу материалдарын жүйелеу оңайырақ екенін атап өтті.
- **Есте сақтау сапасы**: 60%-ы оқу материалдарын еске сақтау қабілеті жақсарғанын хабарлады.
- **Уақытты тиімді пайдалану**: Уақытты басқару тиімділігі 40%-ға артты.
- **Графикалық байланыстар**: Жазбалар арасындағы байланыстарды визуализациялау тақырыптарды тереңірек түсінуге ықпал етті.

Бұл нәтижелер Obsidian-ның білімді басқаруда және оқу процесін оңтайландыруда тиімді екенін растайды.

Obsidian-ды оқу процесінде қолданудың практикалық жолдары

1. **Жазбаларды ұйымдастыру**:
   - Пәндер бойынша папкалар құрыңыз (мысалы, «Web аналитика» → «HTML», «CSS», «SEO»).
   - Markdown форматын пайдаланып, тақырыптарды, тізімдерді және кестелерді жасаңыз.
2. **Сілтемелер мен байланыстар**:
   - Жазбалар арасында сілтемелер орнатыңыз (мысалы, «HTML» жазбасынан «CSS» жазбасына сілтеме).
   - Graph View арқылы тақырыптар арасындағы байланыстарды талдаңыз.
3. **Spaced Repetition**:
   - «Spaced Repetition» плагинін орнатып, формулаларды, терминдерді немесе маңызды фактілерді қайталау кестесін құрыңыз.
4. **Тапсырмаларды жоспарлау**:
   - «Tasks» немесе «Kanban» плагиндері арқылы оқу тапсырмаларын басқарыңыз.
5. **Визуализация**:
   - Графикалық байланыстарды талдау арқылы білімдегі олқылықтарды анықтаңыз.

Қорытынды және ұсыныстар

Obsidian қосымшасы студенттердің оқу материалдарын игеру қиындықтарын шешуде тиімді құрал екені дәлелденді. Ол ақпаратты жүйелеуге, есте сақтау сапасын жақсартуға және уақытты тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері Obsidian-ның дәстүрлі әдістермен салыстырғанда айтарлықтай артықшылықтары бар екенін көрсетті.

Ұсыныстар:

- Университеттерде Obsidian-ды оқу процесіне енгізу, студенттерге арнайы тренингтер мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.
- Студенттерге Obsidian-ды тиімді қолдану бойынша нұсқаулықтар тарату.
- «Spaced Repetition» және «Dataview» сияқты плагиндерді орнатуға және қолдануға үйрету.
- Оқу материалдарын жүйелеу үшін стандартталған шаблондар әзірлеу.

Obsidian-ды дұрыс қолдану студенттердің академиялық жетістіктерін арттырып, оқу процесін жеңілдетеді. Бұл құралды қолданып, білімді тиімді басқаруға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Obsidian.md. (2024). *Obsidian – A knowledge base that works on local Markdown files.* Қол жетімді: https://obsidian.md
2. Batra, S., & Seema, S. (2021). *Note-Taking Techniques for Effective Learning: A Comparison of Digital Tools.* Journal of Educational Technology, 15(2), 45–52.
3. Clark, R. C., & Mayer, R. E. (2016). *E-Learning and the Science of Instruction: Proven Guidelines for Consumers and Designers of Multimedia Learning.* Wiley.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-112-115
UDC: 811

DEVELOPMENT OF DIALOGICAL SPEECH SKILLS OF SENIOR SCHOOLCHILDREN BASED ON THE TECHNOLOGY OF FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE TRAINING

АЛМАХАН ЕРЖАН ЕРЛАНҰЛЫ
Университет Мирас, магистрант
Шымкент, Казахстан

Аннотация: *В данной статье рассматриваются технологии обучения диалогической речи старшеклассников на основе коммуникативной методики преподавания иностранного языка. Оценено значение развития коммуникативных навыков в процессе обучения иностранным языкам и предложены эффективные методы формирования диалогической речи у учащихся. Особое внимание уделяется использованию интерактивных методов, ролевых игр и других технологий, способствующих активизации речевой деятельности и повышению мотивации учащихся. В статье подчеркивается роль преподавателя в организации учебного процесса, а также психологические аспекты, влияющие на развитие диалогических навыков. Автор рассматривает важность создания условий для активного общения на иностранном языке и предлагает рекомендации по улучшению результатов обучения. Работы направлены на развитие навыков свободного общения на английском языке и могут быть полезны для педагогов и специалистов в области образования.*

Ключевые слова: *диалогическая речь, старшеклассники, коммуникативная методика, обучение иностранным языкам, речевые навыки, интерактивные методы, ролевые игры, коммуникативные технологии, активизация речи, мотивация учащихся, преподаватель, психологические аспекты, свободное общение, иностранный язык.*

Abstract: *This article explores the technologies for developing dialogical speech skills in senior schoolchildren based on the communicative language teaching approach. The significance of enhancing communicative competencies in foreign language education is assessed, with a focus on effective methods for fostering dialogical speech among students. Special attention is given to the use of interactive techniques, role-playing games, and other tools that promote speech activity and increase student motivation. The article emphasizes the role of the teacher in organizing the learning process and addresses the psychological aspects influencing the development of dialogical skills. It also highlights the importance of creating conditions for active communication in a foreign language and offers recommendations for improving language learning outcomes. This work aims at developing students' ability to communicate freely in English and provides valuable insights for educators and specialists in the field of education.*

Key words: *dialogical speech, senior schoolchildren, communicative approach, foreign language teaching, speaking skills, interactive methods, role-play, communicative technologies, speech activation, student motivation, teacher's role, psychological aspects, free communication, English language.*

In the context of globalization and increasing intercultural communication, the ability to engage in dialogical speech in a foreign language becomes a crucial competence for senior schoolchildren. Traditional grammar-translation methods are often insufficient in developing real communication skills. Therefore, communicative training technologies are gaining prominence in language education, aiming to create real-life communication scenarios and develop students' linguistic and sociocultural competence.

Dialogical speech involves interactive communication between two or more interlocutors. It is characterized by spontaneity, coherence, responsiveness, and situational relevance. Vygotsky's

sociocultural theory emphasizes the role of interaction in cognitive and language development, providing the foundation for communicative approaches in education [1]. Senior students (grades 10–11) are at a stage where they are capable of abstract thinking, critical analysis, and deeper engagement in discussions. Developing dialogical skills at this level prepares them for university studies, international examinations, and real-world communication. Moreover, effective dialogical competence enhances students' confidence and motivation to use the language outside the classroom. [2].

One primary challenge is ensuring that digital humans possess a high degree of naturalness, fluency, and accuracy in their linguistic interactions (Barua, 2024). To truly captivate learners and foster effective language acquisition, digital humans must exhibit the ability to engage in authentic, context-aware conversations, deliver nuanced feedback tailored to individual needs, and provide thoughtful responses to learners' inquiries.

Addressing ethical considerations demands a proactive and interdisciplinary approach, involving collaboration between language educators, AI developers, ethicists, and policymakers to establish clear guidelines for the development and deployment of digital humans in language learning. To prevent the perpetuation of biases and stereotypes, developers must meticulously curate the data used to train digital humans, paying close attention to the representation of diverse voices, accents, and cultural perspectives (Core et al., 2006). In language education, it is crucial to strike a harmonious balance between traditional human instruction and AI-powered tools (Vall & Araya, 2023).

Literature Review

The future of language learning is intertwined with digital advancements, presenting both opportunities and challenges for educators and learners (Poolamannil, 2025). Research indicates that thoughtful technology integration into language education can unlock authentic learning experiences that transcend the limitations of traditional classroom settings, exposing students to real-world language use and facilitating deeper engagement with diverse cultural contexts (Zhou et al., 2024). However, the mere presence of technology does not guarantee effective language learning; rather, it is the pedagogical approach and mindful integration that truly shape the learning experience (Rouf, 2022).

One of the most exciting developments in language learning is the emergence of digital humans, embodied conversational agents that have garnered increasing attention as promising tools for language education (Vilchis et al., 2023). These agents present a paradigm shift, offering learners dynamic, adaptive, and contextually relevant interactions, thereby cultivating heightened

engagement, intrinsic motivation, and progressive development of communicative competence (García-Martínez et al., 2023; Zhu, 2024). Through carefully designed interactions with these virtual agents, learners can develop practical communication skills, refine their understanding of grammatical structures, and deepen their appreciation for cultural dimensions of the language.

The incorporation of artificial intelligence into English oral teaching has emerged as a transformative force (Zhou et al., 2024). The rise of sophisticated AI models has propelled the evolution of digital humans, which are poised to revolutionize language education by enhancing both its effectiveness and accessibility.

Methodology

This study employed a mixed-methods approach, integrating quantitative data from language proficiency assessments with qualitative insights gathered through learner interviews and focus groups, to evaluate the effectiveness of digital humans in promoting language acquisition and fostering communicative competence. To ensure the reliability and validity of the findings, the research design incorporated rigorous controls and safeguards, including standardized testing protocols, inter-rater reliability measures for qualitative data analysis, and careful attention to potential sources of bias or confounding variables.

Through thematic analysis of interview transcripts, recurring patterns and salient themes were identified, providing rich insights into learners' perceptions, experiences, and challenges encountered when learning with digital humans, complementing the quantitative data and painting a more holistic picture of the learning process. Drawing upon Vygotsky's sociocultural theory, the investigation examined how digital humans, acting as knowledgeable peers or expert mentors, mediate learners' cognitive development through collaborative dialogues and scaffolding techniques, fostering a zone of proximal development where learners can achieve higher levels of proficiency.

Comparative Analysis of Language Learning Outcomes: Digital Human-Mediated Instruction vs. Traditional Methods

Detailed statistical analysis of the post-instructional assessment data revealed that the experimental cohort exposed to digital human-mediated language instruction outperformed the control group receiving conventional classroom-based instruction across a spectrum of language proficiency metrics. This performance advantage was especially apparent in domains demanding interactive engagement, spontaneous communication, and subtle linguistic discernment, encompassing elements such as oral articulateness, phonological precision, and pragmatic understanding.

Table 3: Comparison of Teacher's Work Before and After Using Digital Teaching Assistance Platforms

Aspect	Before (Traditional Teaching)	After (With Digital Human Assistance)
Role of the Teacher	Content deliverer, primary knowledge source	Facilitator, guide, and coordinator of personalized learning paths
Student Engagement	Limited interactivity; one-size-fits-all lessons	High interactivity; spontaneous conversations and contextualized feedback
Feedback Delivery	Generalized and delayed	Personalized, real-time feedback via digital humans
Instructional Style	Lecture-based, textbook-oriented	Interactive, immersive, scenario-based learning
Adaptability to Student Needs	Challenging to address diverse learning styles	AI adapts to individual learner levels and preferences
Cultural & Linguistic Contexts	Less exposure to authentic cultural communication	Simulated real-world cultural contexts with native-like virtual agents

Assessment Approach	Standardized, often summative	Continuous, performance-based, with detailed linguistic and behavioral metrics
Scalability & Accessibility	Limited to classroom time and space	24/7 access, inclusive for geographically or socially constrained learners
Instructional Resources	Physical materials (books, handouts)	Multimodal digital content (virtual museums, games, interactive simulations)
Technological Competence	Basic ICT tools used	Requires competence in AI tools, platforms, and digital pedagogy
Teacher's Cognitive Load	High due to manual preparation, feedback, and differentiation	Shared with AI agents; allows focus on deeper mentoring and emotional intelligence

Table 3 outlines how the teacher's role and instructional style evolve with the integration of digital human assistance.

The experimental group showcased superior gains in extemporaneous verbal expression, exhibiting greater fluency, lexical diversity, and grammatical exactitude during simulated conversations and scenario-based interactions with the digital human agents. Notably, this divergence in learning outcomes was particularly pronounced among learners with initially lower levels of language proficiency, suggesting that the personalized and adaptive nature of digital human-mediated instruction may offer targeted support for individuals who struggle to thrive in traditional pedagogical environments.

Discussion on Personalized Learning at Scale

Modern digital language learning platforms are equipped with sophisticated analytical tools that meticulously track and evaluate a diverse range of learning activities, spanning from fundamental vocabulary acquisition and grammatical rule application to advanced tasks such as complex discourse analysis and nuanced pragmatic interpretation. Consequently, educators are empowered to make data-driven decisions about instructional approaches and interventions. As shown in Table 4, learners report significantly improved access to practice, reduced anxiety, and highly personalized interactions.

Table 4: Comparison of Learner Experience Before and After Digital Human Integration

Aspect	**Before (Traditional Learning)**	**After (With Digital Human Integration)**
Access to Practice	Limited to classroom interaction or peers	24/7 language practice with virtual tutors
Personalization	One-size-fits-all	Adaptive conversation paths, tailored learning sequences
Anxiety in Speaking	High due to fear of mistakes in front of peers	Reduced through safe, non-judgmental digital interaction
Feedback Style	General, often delayed	Instant, contextual feedback with correction suggestions
Cultural Exposure	Limited to textbook-based content	Immersive interactions in authentic socio-cultural simulations
Autonomy in Learning	Mostly teacher-dependent	Encouraged through self-paced, self-directed learning paths

The capacity of digital humans to deliver personalized instruction at scale signifies a profound paradigm shift in language education, moving away from the conventional "one-size-fits-all" model

that has often been criticized for its limited effectiveness in catering to the heterogeneous needs of diverse student populations (Poolamannil, 2025).

Ethical Implications and Future Directions

The increasing integration of AI within language learning platforms introduces complex ethical considerations, particularly concerning data privacy, algorithmic bias, and the potential displacement of human educators. Future research should prioritize the development of robust ethical frameworks and guidelines to ensure that AI-driven language learning tools are deployed responsibly, transparently, and equitably. Data privacy is a paramount concern, necessitating stringent measures to safeguard sensitive personal information collected by AI systems, including demographic data, learning behaviors, linguistic profiles, and emotional responses (Zhou et al., 2024). It is imperative that learners are fully informed about how their data is being used and have the right to access, modify, and delete their information (Woo & Choi, 2021).

To comprehensively evaluate the pedagogical efficacy of AI-driven language learning tools, it is crucial to gather extensive data regarding their impact on learners and their perceptions of these technologies (Woo & Choi, 2021). Such data enables educators to cultivate a deeper understanding of available AI-based resources, allowing for effective integration of these tools into pedagogical strategies, and fostering continuous refinement of AI-driven methodologies, while addressing potential limitations and biases inherent in these systems.

Analysis of Findings: Evaluating the Impact of Digital Humans on Language Acquisition

The findings of this study provide compelling evidence that digital humans can have a transformative impact on language acquisition, leading to statistically significant improvements in learners' language proficiency, communicative competence, and overall engagement with the learning process. Specifically, learners who engaged with digital humans demonstrated notable gains in grammar, vocabulary, pronunciation, and fluency, as measured by standardized language assessments and qualitative evaluations.

Evidence gleaned from both quantitative language assessments and nuanced qualitative analyses of learner communication patterns robustly suggests that learners actively utilizing digital human interlocutors experienced notable advancements across fundamental linguistic capabilities, demonstrating enhanced grammatical control alongside an expanded and more diverse lexicon. This improvement is attributed to the dynamic and interactive nature of these technologies (Wei & Yan, 2024). Moreover, the capacity of digital humans to deliver individualized feedback and adapt instruction to specific learning trajectories was identified as a crucial determinant in expediting language acquisition, allowing learners to obtain targeted support addressing their particular learning obstacles.

Results

The quantitative data revealed significant improvement in learners' language proficiency scores after engaging with digital humans, indicating that the personalized and interactive nature of these virtual agents effectively enhances language acquisition outcomes (Cao et al., 2023). Learner interviews and focus group discussions corroborated these findings, revealing that participants perceived notable enhancements in their engagement levels, motivation to learn, and overall confidence when interacting with digital human counterparts (García-Martínez et al., 2023; Zhou et al., 2024). Specifically, participants reported feeling more at ease when practicing language skills with digital humans, citing the non-judgmental and patient nature of these virtual agents as a key factor in reducing anxiety and fostering a more relaxed learning environment (Wei, 2023).

Discussion

The outcomes of this investigation bolster the argument that the strategic deployment of digital humans in language education has the latent power to reshape established teaching methodologies and optimize the holistic language learning journey. By embracing the interactive, responsive, and personalized capabilities of these virtual agents, educators have the potential to foster engaging and immersive learning environments that cater to diverse needs and preferences.

Digital humans facilitate personalized learning at a scale previously unattainable, adroitly addressing individual learning styles and needs that often pose a significant challenge within the constraints of traditional language teaching methodologies. The development of AI-powered platforms offers accessibility and scalability, removing access barriers and reaching students across geographical and socioeconomic divides, as students can access materials anytime and anywhere, facilitating continuous learning beyond the classroom (Poolamannil, 2025).

Conclusion

In summation, the findings of this study validate the considerable promise of digital humans to transform language education, showcasing their distinct advantages in fostering learner engagement through personalized instruction and cultivating a nuanced understanding of cultural contexts within an immersive and supportive virtual learning environment. Although implementation challenges remain, continuous innovation in research and development, together with thoughtful pedagogical strategies, will catalyze the widespread acceptance of digital humans, opening new frontiers for language acquisition and promoting global communication in an increasingly interconnected and digitally mediated world.

REFERENCES

1. Afzal, M., Fecke, W., & Braun, H. (2023). Digital humans for teacher education: A 3D conversational AI agent-based platform as a facilitator to develop oral communication skills in future teacher education in Germany. *INTED Proceedings, 1*, 5646-5646.
2. Ahmadi, M. R. (2018). The use of technology in English language learning: A literature review. *International Journal of Research in English Education, 3*(2), 115-125.
3. Barua, L. (2024). Virtual humans: Advancing language education through AI-based conversational partners. *Journal of Digital Learning, 7*(3), 230-248.
4. Burden, D., & Savin-Baden, M. (2019). *Virtual humans: Today and tomorrow*. CRC Press.
5. Cao, S., Wang, H., & Yao, P. (2023). Integration of intelligent agents in language learning environments. *Journal of Educational Technology & Society, 26*(1), 57-71.
6. Core, M. G., Traum, D., Lane, H. C., Swartout, W., Gratch, J., van Lent, M., & Marsella, S. (2006). Teaching negotiation skills through practice and reflection with virtual humans. *Simulation, 82*(11), 685-701.
7. Declercq, B., Wever, B., & Tuytens, A. (2024). Perceptions of collaboration between virtual and human teachers in online education. *Proceedings of the International Conference on Networked Learning, 14*, 178-195.
8. García-Martínez, S., Pérez-Paredes, P., & Bel-Enguix, G. (2023). Digital humans as language teachers: Student perceptions and learning outcomes. *Applied Linguistics, 44*(4), 803-822.
9. Liu, J. (2023). Personalized language instruction through AI tutors: Creating adaptable learning pathways. *Language Learning & Technology, 27*(3), 10-25.
10. Mentsiev, A. U., Guzueva, E. R., & Yunaeva, S. M. (2019). Blockchain as a technology for the transition to a digital economy. *Journal of Physics: Conference Series, 1399*(3), 033113.
11. Nugumanova, A., Perveen, S., Zhunisbekov, S., Mansoor, M., Fakhri, F., & Astapchik, A. (2020). Motivation and interactivity elements in language learning through digital environments. *International Journal of Technology Enhanced Learning, 12*(3), 274-291.
12. Poolamannil, S. J. (2025). The future of English language teaching: Innovations in digital learning. *Integrated Journal for Research in Arts and Humanities, 5*(1), 166-168.
13. Roméro, M., & Strutynska, O. (2024). Teaching in the digital age: Will AI teachers replace human educators? *Educational Technology Research and Development, 72*(1), 115-138.
14. Rouf, A. (2022). Technology integration in language teaching: Benefits and challenges. *International Journal of TESOL and Education, 2*(3), 115-137.

15. Rukiati, D. R., Mulyadi, Y., Nuha, K. Z. A., & Saidah, K. (2023). Digital tools for language learning: Advantages, limitations, and best practices. *International Journal of Language Education, 7*(2), 52-65.
16. Shadiev, R., & Yang, M. (2020). Review of studies on technology-enhanced language learning and teaching. *Sustainability, 12*(2), 524.
17. Shaffer, D. W., Nash, P., & Ruis, A. R. (2015). Technology and the new professionalization of teaching. *Teachers College Record, 117*(12), 1-30.
18. Stampfl, J., Huang, L., & Moeller, R. (2024). Embodied AI-guided interactive digital teachers for education. *SIGGRAPH Asia 2024 Educator's Forum*, 21-28.
19. Tafazoli, D. (2023). Personalized digital language learning: A systematic review. *Computer Assisted Language Learning, 36*(5-6), 708-732.
20. Vall, V., & Araya, J. (2023). Balancing AI and human instruction in education: Perspectives and practices. *Journal of Educational Research, 116*(3), 245-261.
21. Vilchis, R. M., Garcia, S., & Rodriguez, T. (2023). Embodied conversational agents in language education: Design principles and implementation strategies. *Journal of Educational Computing Research, 61*(3), 667-694.
22. Wei, H., & Yan, L. (2024). Research on teaching activities in university blended technology development courses with support from generative virtual digital humans. *Educational Technology Research and Development, 72*(2), 189-207.
23. Wei, Z. (2023). Affective dimensions of digital human interactions in language acquisition contexts. *Journal of Educational Psychology, 115*(4), 745-762.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-133-137
УДК 372.881.111.1

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ АЙТЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

ТУРТУЛОВА ГУЛЬСАРА МУХАМБЕТЖАНОВНА
Преподаватель высшей школы гуманитарных наук Павлодарского педагогического университета имени Ә. Марғұлан
Павлодар, Қазақстан

Аннотация: *Бұл мақала ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйреніп жатқан студенттерге айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту маңыздылығын көрсете отырып, оны арнайы әдіс-тәсілдер арқылы, әсіресе «shadowing» техникасымен дамыту туралы сөз қозғайды. Shadowing - бұл белсенді және интерактивті әдіс. Бұл әдіс – тілдік ортаның болмауын ішінара алмастырып, тілді меңгерушіге еркін сөйлеуге және дұрыс интонациямен сөйлеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушылардың айтылым мен тыңдалым дағдыларын қатарлас дамытуға, коммуникативтік құзыреттілікті арттыруға, сонымен бірге есту қабілеті мен есте сақтау үрдісін жетілдіруге, сөздік қорды дамытуға зор ықпал етеді. Shadowing техникасы — тіл үйренуші тыңдап отырған дыбысты, сөйлеуді бір мезгілде, яғни бір уақытта сөйлеушімен қатар дауыстап қайталап отыратын әдіс. Бұл процесс сөйлеудің екпіні, ырғағы мен дыбысталуын табиғи түрде меңгеруге көмектеседі.*

Кілтті сөздер: *Айтылым дағдысы, «shadowing», тыңдалым дағдысы, рецептивті дағды, продуктивті дағды, оқыту әдісі, тіл меңгеруші.*

Тіл – біліммен бірге өсіп өрбиді. «Тілді меңгеру» дегеніміз – тіл үйренушінің түрлі коммуникативтік жағдайларда өз ойын түсінікті жеткізе алуы және өзгенің айтқанын дұрыс түсініп, тілдік міндеттерді тиімді шеше алуы.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады: оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары. Қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов білімді меңгеру үшін барлық сезім мүшелерін пайдалану қажеттілігін айтқан: «Білім – бір судағы меруерт, шеңгелдемесең, уысыңа міз ілінбейді. Білім – бір алтын балық, қармақты тұс-тұсынан қами салсаң, жылп береді. Білім – бір қызыл түлкі, қағушыны қаптатып, үстінен құс салып, астынан ит жүгіртіп, толайламасаң, ұстатпайды. Білім ұстайтын сол құралдар бізде бар ма? Бар. Көз – бүркіт, құлақ – қағушы, тіл – тазы, қол – қармақ, ой – шеңгел. Сөйлеңіз – бала тыңдасын (қақсасын), жазыңыз – көрсін (шолысын), сөйлетіңіз – тазы боп қусын, жаздырыңыз – қармақтансын, сұраңыз – ойлансын, оқысын, сабақ сайын есте болатын ереже, әдіс осы»[1]. Бұл тұжырымында ол тіл үйренуде тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын қатар дамыту қажеттігін көрсетеді.

Аймауытовтың бұл пікірлері қазіргі тіл оқыту әдістемелерінің негізін қалаған маңызды ойлар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету әдіс-тәсілдері, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшілігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа ала отырып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тіл дағдылары жалпы екі топқа жіктеледі. Дағдының қабылдауға байланысты түрін ағылшын тілінде «receptive skill» деп атаса, тілді қолдануға байланысты дағдыларды өнімді «productive skill» деп атайды

Айтылым- төрт тілдік дағдының ішіндегі ең белсенді, өнімді (receptive skill) дағдысы болып табылады. Бұл дағды жалпы адамның *тілді* қолдану қабілетін көрсетеді, яғни адам өз ойын, көзқарасын, сезімін ауызша жеткізу үшін тілдік құралдарды пайдаланады. Айтылым – бұл адамның басқа адамдармен сөйлесу, пікір алмасу, түсіндіру, өз ойын жеткізу мақсатында тілде сөйлеу арқылы қолданатын әрекеті. Ол сөздік қор, грамматикалық құрылымдарды дұрыс

қолдану, сөйлеу әдебі, екпін, интонация сияқты просодикалық элементтерді қамтиды. Адамдардың күнделікті қарым-қатынасқа түсуі – айтылым дағдысының көрінісі. Тіл маманы Р.Сыздықова атап кеткендей, тілдік нормалар тек жазба тілмен шектелмей, ауызша тілдің де сөздік, грамматикалық, дыбыстық, стильдік–көркемдік жүйесі де сақталуы тиіс. Бұл-айтылымның сапалы жүзеге асуы үшін дұрыс айту заңдылықтарын меңгеру – негізгі шарттардың бірі екенін дәлелдейді.

Шетел тілін меңгеруге деген ынталылық тіл үйренушінің тіл үйренуге деген талпынысының көрсеткіші, яғни уәжділік. Уәжділіктің бір белгісі – стимулдың болуы. Оған сырттан ықпал ететін фактор – ұтымды ұйымдастырылған тілдік жағдаят. Адамның сөйлеуге мүдделілігін туғызуға тілдік жағдаят ықпал етсе, тілдік әрекет жасауға түрткі – ынта болып табылады. Тіл үйренушілердің тілдік қатынас барысында әлеуметтену мүмкіндігіне себеп болатын тіл меңгертудің мынадай уәждері анықталды: 1) тілдік қатынас жасауға үйретететін тілдік жағдаятты табиғи жағдаймен үйлестіріп, тартымдылығын арттыру – қызықтыру. 2) тіл үйренушілерді қызығушылық байқататындай тақырыптар мен тапсырмалар арқылы тілдік қатынас жасауға бағыттау – ықыластандыру. 3) тіл үйренушінің тілдік қатынас жасауды меңгеру нәтижесінде қоғамдық ортаға ену мүддесін қолдау – ниеттендіру. Бұл ұсынылған уәждердің диалог құрып, тілдік жағдаят жасау арқылы шетел тілін барлық деңгей барысында тіл үйренушіге меңгерту үшін тиімді деп танылып отыруының себебі: келешектен үміт күткен әр адамның болмысында басқалармен араласуға деген ұмтылыс, тілдік қатынасқа түсу арқылы тіл табысуға деген қажеттілік, өмірде өз орнын иемденуге деген ниет жатады[2].

Е.Е. Зубенконың айтуы бойынша, ағылшын тілінің орфографиясы негізінде дәстүрлі(тарихи) принцип жатыр, сондықтан сөздердің айтылуы көбінесе жазылуына сәйкес келмейді. Бұл жағдай жүйелі фонологиялық қателіктерге және жалпы коммуникация процесінің бұзылуына (яғни тыңдалым мен айтылым, қабылдау мен жеткізу барысында) алып келуі мүмкін. Шетел тілін меңгеріп жүрген көптеген адамдар дұрыс айтылымды меңгеру үшін бірдей дыбыстық-әріптік сәйкестерді монотонды түрде қайталау қажет деп санайды, және де айтылым дағдыларын жетілдіруге жеткілікті көңіл бөлмейді. Құрылымдық бірліктерді жүйелі түрде қайталау арқылы механикалық есте сақтау дұрыс айтылымға қол жеткізуге қажет болғанымен, бұл үдерісті әртараптандыруға және ойын элементтерін қолдану арқылы анағұрлым тиімді етуге болады.

Тыңдалым – рецептивті дағдылардың бірі болып табылады. Ол дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тілдік дағдылар ішінде басқа дағдыларды қалыптастыратын негізгі алғышарт – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде тілді меңгеруші ақпаратты естіп, көріп тыңдайды. Студент керек мәліметті тыңдау арқылы басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, тыңдалым) жетілдіре алады. Тыңдалым – «аудирование» терминінің мағынасы – «есту арқылы түсіну». Тыңдалым барысында тіл меңгеруші адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап, түсініп, өңдейді, кейін қарым-қатынасқа түседі. Сол себепті де айтылым мен тыңдалым дағдылары тығыз байланысты. Бұл дағдыларды жетілдіруге бағытталған түрлі әдіс-тәсілдердің ішінде "көлеңкелеу" (shadowing) техникасы ерекше тиімділігімен көзге түседі.

«Shadowing» (көшіріп сөйлеу), (көлеңкелеу) – тыңдалым мен айтылым дағдыларын біріктіретін әдіс болып табылады. Бұл әдіс тыңдалған мәтінді немесе сөйлеушінің сөзін дәл сол сәтте «жаңғырық», «көлеңке» сияқты қайталап айтуға негізделген.

Кембридж сөздігіне сүйенсек: «Shadowing» ағылшын тілінен “shadow” to follow someone or something, - яғни біреудің немесе бірдеңенің ізінен түсу, артынан қайталау [3].

Бұл әдісті американ лингвисті, полиглот және шетел тілдерін меңгеру бойынша консультант, доктор Александр Аргуэльс әлемге танытқан. 1997 жылы Александр Аргуэльес Оңтүстік Кореяда еуропалық тілдерді оқытқан. Шетел тілдерін меңгеруге күніне 16 сағат уақыт бөліп, әр тілдің айтылымын саябақта серуендеу барысында игерген. Дыбыстарды немесе сөз тіркестерін анық және қатты дауыспен сенімді айтуға назар аударған. Соның нәтижесінде А. Аргуэльес тілдің дыбыстарын ана тіліндегідей дәл қайталау ең тиімді тәсіл

екеніне келген, көптеген тіл меңгерушілері интуитивті түрде қолданған әдісті жүйелеп, оған «shadowing» атауын берген.

Аталған әдістің авторы өзі шет тілдерін жоғары деңгейде меңгеруге болады деп есептейді (50-ден астам тілді меңгерген) және ол үшін келесі үш идеяны ұстану қажет деп санайды:

- Стандартты білім алу (дәстүрлі тіл үйрену әдістерін қолдану);
- Тілдік ортаға ену (яғни, тілге толықтай бату немесе тілдік ортада болу);
- Тілді өз бетінше меңгеру (жеке жұмыс арқылы тіл үйрену).

Дж. Дженкинс бойынша сөйлеу мен дұрыс айтылым бір мақсатқа бағытталған – тыңдаушыға мағынаны жеткізу. Дұрыс айтылым қарым-қатынасты жеңілдетеді, әсіресе **тыңдаушының түсінуі** тұрғысынан [4]. Алайда, егер тыңдаушы айтылған сөзді қате түсінсе немесе сөйлеуші дыбыстар мен фонологияға байланысты қате айтса, коммуникация сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Түсінікті сөйлеу үшін сөйлеуші екпінді (stress) дұрыс қолдана білуі керек. А. Браун айтуынша, ана тілі иелері екпінді түрлі жолдармен байқайды, мысалы, қысқарған формаларды қолдану немесе сөздерге екпіннің түспеуі арқылы. Ал шет тілін үйренушілер екпінді автоматты түрде меңгере алмайды, сондықтан олар екпін мен фонологиялық ерекшеліктерді арнайы үйрену қажет. Екпін — бұл ең алдымен есту арқылы байқалатын құбылыс. Екпін түскен буындар екпінсіз буындарға қарағанда жоғарылау тонда, ұзақ және қаттығырақ естіледі. Фонология тұрғысынан сөз ішілік екпін мен сөйлем ішілік екпін болады. Сөйлеушілер екпінді мағына беру және маңызды ақпаратты ерекшелеп көрсету үшін қолданады. Сондықтан, ағылшын тілін үйренушілерге дұрыс екпін үлгісін меңгеру өте маңызды, бұл олардың сөйлеу және тыңдау қабілеттерін арттырады.

«Shadowing» әдісінің бірнеше түрлері бар:

1. Delayed shadowing — сөздерді бірден емес, біраз кешігіп қайталау;
2. Phrase shadowing — сөйлемдерді бір-бірінен үзіліспен қайталау;
3. Parallel shadowing — мәтінді дауыстап оқу және диктордың айтылымын тыңдау;
4. Speed reading — мәтінді жылдам оқып шығу, мәтінді түсіну екінші орынға ығыстырылады.

«Shadowing» - ең алдымен тіл иесінің сөйлеуін көшіру әдісі. Бұл үшін дауыстап оқылған мәтін қажет(орташа жылдамдықпен, түсінікті дикциямен айтылған). Бұл әдіс қарапайым болып көрінгенімен, іс жүзінде әлдеқайда күрделірек. Аталған әдіс бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншіден, мәтінді мағынасын түсінбесеңіз де, тіпті таныс емес сөздерге назар аудармай-ақ тыңдау керек. Екіншіден, мәтінге(транскриптке) қарап отырып тыңдайсыз, бұл кезеңде таныс сөздер визуалды түрде таныла бастайды. Содан кейін мәтіннің аудармасын қарап шығып, жалпы мазмұнын түсінесіз. Соңғы кезеңде мәтіннің үзіндісін қайта тыңдап, мазмұнын толық түсінесіз, интонациясын барынша имитациялауға тырысасыз. Тіл иесінің соңынан қайталап айту барысында үйренушінің дұрыс айтылымын, интонациясын, ритмін және тыңдау қабілетін дамытуға көмектеседі [5].

Бұл әдістің артықшылықтарымен қатар оның басты кемшілігі көп рет қайталауды қажет ететіндігінде.Сондай-ақ келесі жағдайларда нәтижелілігі төмендеуі мүмкін: - бастапқы кезеңде оқу барысында тиісіт әдістемелік сүйемелдеудің болмауы, яғни тілдің фонетикалық ерекшеліктерімен таныс болу керек. Әйтпесе әдіс дыбыстардың артикуляциясында қателіктердің бекіп қалуына әкелуі мүмкін; - шетел тілін енді ғана меңгере бастаған адам дыбысты дұрыс естімеуі мүмкін және оны ана тіліндегі ұқсас дыбыспен алмастырып айтуы ықтимал. Сол себептен ең дегенде Elementary деігейінде болуы тиіс; - әдіс уақыт пен төзімділікті талап етеді. Мотивацияның жеткіліксіздігі, shadowing әдісін қолдана отырып тілді жүйелі түрде меңгеру көп адамға қиынға соғады. Сондықтан тіл үйрену процесінің өзіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Материал белсенді және пассивті практика негізінде меңгеріледі. «Shadowing» әдісімен тілді үйрену кезінде өте көп ақпарат аламыз, оны бірден толық меңгеру мүмкін емес. Бірақ тілді меңгеру санадан тыс деңгейде жүреді, сондықтан уақыт келе, ми жеткілікті нейрондық

байланыстарды қалыптастырғанда, яғни жүйелі түрде жаттығу нәтижесінде, біз тілді өз тіліміздей сезіне бастаймыз.

Оқу үдерісінде сөйлеуді үйрену тыңдалған мәтінді түсіну дағдысымен тығыз байланыста болуы тиіс және керісінше — тыңдалғаннан кейін студенттер мәтін мазмұны бойынша немесе оған қатысты пікір білдіруі қажет. Бұл шетел тілін оқытуда, әсіресе кәсіби деңгейде, қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

И. Хамада және С. Кадота зерттеулеріне сүйенсек, shadowing әдісі студенттердің сөйлеуді қабылдау қабілетін арттырып, қысқа мерзімде есте сақтау қабілетін кеңейтеді, тілдік қайталау процесін күшейтеді, тыңдап-түсіну дағдыларын жақсартуда тиімді екенін көрсетті. С. Кадота shadowing әдісінің екі түрін ұсынады:

1. Алдын-ала shadowing (pre-shadowing) – сабақ мазмұнын меңгермей тұрып қолданылатын әдіс;

2. Кейінгі shadowing (post-shadowing) – сабақ мазмұнын меңгергеннен кейін қолданылатын әдіс.

Pre-shadowing кезінде оқушылар тек дыбыстарға назар аударады, өйткені оларда басқа сүйенетін ақпарат болмайды. Ал post-shadowing кезінде оқушылар мәтінмен таныс болғандықтан, бұл әдіс уайымды азайтып, психологиялық жүктемені жеңілдетуге көмектеседі. Соның нәтижесінде түсіну қабілеттері жетіле түседі.

Осы ғылыми негізге сүйене отырып, И. Хамада shadowing әдісінің рецептивтік дағдыларды (тыңдау және түсіну) оқытуда тиімділігі қандай екенін, әсіресе дұрыс екпін қою қабілетін дамытудағы әсерін зерттеуге қызығушылық танытқан.

Т. Мерфи диалогтық shadowing тәсілін қолданып, оның үш түрін атап көрсеткен:

1. Толық (complete) shadowing - тыңдаушы сөйлеушінің сөздерін бірден және толық қайталайды, сөйлем құрылымын толығымен сақтайды;

2. Іріктелген (selective) shadowing – тек маңызды немесе кілтті сөздер ғана қайталанады, бұл таңдаушының назарын мағыналық элементтерге шоғырландыруға мүмкіндік береді;

3. Интерактивті (interactive) shadowing – тыңдаушы сөйлеушімен табиғи әңгімелесу үлгісінде әрекет етіп, диалогты жалғастыруға тырысады, яғни айтылым дағдысын жетілдіреді [6].

Олардың пайымдауынша, shadowing – бұл «шекаралық» стратегия, яғни тілді әдейі қолдану мен автоматты қолдану арасында тепе-теңдікте орналасқан әдіс.

Австралиядағы Маккуори университетінің зерттеуі «көлеңкелеу» әдісінің тиімділігін тәжірибелік жолмен дәлелдеді. Экспериментке жапон тілін шетел тілі ретінде үйренушілері қатысқан (көбінің ана тілі — ағылшын тілі). Зерттеуге қатысқандардың 90%-ы бұл әдіс айтылымды түзетуге көмектесетінін толық немесе жартылай растаған. Эксперимент нәтижесінде 77% қатысушылар айтылуының айтарлықтай жақсарғанын мойындаған[7].

Қазіргі уақытта күрделі дыбыстық және просодиялық жүйелерді, оның ішінде жоғары кәсіби деңгейде меңгерудің көптеген табысты мысалдары бар. Мысалы, Ричард ДеЛонг — АҚШ-та синхронды аудармашы, орыс тілін ана тіліндей меңгерген және CEFR жүйесі бойынша тағы сегіз тілді С1 деңгейінде біледі. Орыс тілін үйренгенде Р.ДеЛонг интонацияны жаттықтыру үшін shadowing әдісін күнделікті 1 жыл бойы қолданған. Басқа тілдердің просодиялық ерекшеліктері орыс тіліндегі интонациясына теріс әсер еткені үшін, ол көзін жұмуға және толықтай артикуляцияға, дыбыстарды айтуға, аудиоматериалдың ритм-тон ерекшеліктерін дәлме-дәл қайталауға толық назар аударған. Бір жылдан кейін бұл әдіс өзінің тиімділігін дәлелдеді; ДеЛонг «shadowing» тілдің ана тіліндегідей адаммен сөйлесудің орнына да қолданылуы мүмкін деген қорытындыға келген [8].

Қорыта айтқанда, shadowing әдісі – шетел тілін меңгеру үдерісінде тиімділігі дәлелденген, көпқырлы тілдік техникалардың бірі. Бұл әдіс оқушылардың айтылым мен тыңдалым дағдыларын бір мезгілде дамытуға, коммуникативтік құзыреттілікті арттыруға, сондай-ақ есту қабілеті мен есте сақтау мүмкіндігін жетілдіруге зор ықпал етеді.

Шетел тілін меңгеруде «shadowing» (көлеңкелеп қайталау) әдісінің тыңдау мен сөйлеу қабылеттерін дамытуда тиімділігі, айтылым дағдысының, интонацияның жақсаруы дәлелденген. Бұл әдісті тек жеке мақсатта ғана емес, сонымен қатар кәсіби мақсаттарда да белсенді қолдану ұсынылады. Жоғарыда аталған әдіс кәсіби деңгейде шетел тілін меңгеруде, үйретуде айтылым мен тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ ауызша аударма процесін оқытуда да өте тиімді. Сонымен қатар, оқу үдерісін белсенді және қызықты ету арқылы оқушы мотивациясын арттырады, бұл ұзақ мерзімді нәтижеге жетуге жағдай жасайды.

Сондықтан аталмыш әдісті шетел тілдерін оқытуда, әсіресе тыңдалым, айтылым және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруде, кеңінен қолдану — заман талабына сай шешім болмақ. Shadowing – тек тыңдаудың емес, сонымен қатар өз бетімен тіл үйренудің тиімді құралы ретінде болашақта да өзекті болып қала бермек.

ИСТОЧНИКИ И ЛИТЕРАТУРА

1. https://alash24.kz/news/13249
2. Саденова А.Е., Тіл меңгерудегі басты факторлардың бірі – уәждемелік (мотивация); https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/25931/133/3/3953/0//
3. https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/shadowing
4. Jenkins, J. (2002). A sociolinguistically based, empirically researched pronunciation syllabus for English as an international language. Applied linguistics, 23(1), 83-103.
5. Видео из официального YouTube-канала профессора Александра Аргуэльеса: https://www.youtube.com/watch?v=130bOvRpt24
6. Murphey, T. (2001). Exploring conversational shadowing. Language Teaching Research, 5(2), 128–155.
7. Sumiyoshi, H. Exploring the effects of the Shadowing method: Case studies of Japanese language learners at an Australian university. — URL: https://figshare.mq.edu.au/articles/thesis/Exploring_the_effects_of_the_Shadowing_ method_Case_studies_of_Japanese_language_learners_at_an_Australian_university/ 19437524 (date of access: 03.01.2024). — Text : electronic.
8. Delong, R. How effective is the shadowing technique to learn languages. —URL: https://www.quora.com/How-effective-is-the-shadowing-technique-to-learnlanguages/an

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-138-142
ӘОЖ 371.3:54

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ФЛИППЕД-СЫНЫПТЫ (ТӨҢКЕРІЛГЕН-СЫНЫП) ПАЙДАЛАНУ

ҚЫДЫРӘЛІ АЯН БАҚЫТҚЫЗЫ
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті, «Химия» кафедрасы
4-курс студенті,Тараз қ.

Жетекші: **ТАУБАЕВА РАУШАН СЕРІХАНҚЫЗЫ**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті
«Химия» кафедрасының PhD, қауымд. профессоры
Тараз қ.

Аннотация: *мақалада заманауи «флиппед-сынып» әдісін химия сабақтарында қолдану арқылы оқушылардың оқу ынтасын, ізденпаздылығын, қызығушылығын арттыру мәселелерін зерттеу қарастырылды. Төңкерілген-сыныптың педагогикалық үдерісте қолданысқа ие принциптері мен түрлері, оның химия пәнінің сабақтарына қолданылуы талданып анықталған. Сабақ кезеңінде оқушылардың зейінің мен қызығушылығын ояту, ынтасын арттыру және жан-жақты, ізденпаз тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталуы жайлы айтылған.*

Кілт сөздер: *флиппед, төңкерілген-сынып, оқыту үдерісі, заманауи әдіс-тәсілдер.*

Флиппед-сынып (төңкерілген сынып) әдісі – бұл дәстүрлі оқыту әдісінен айырмашылығы бар, оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың оқу материалын үйде, дербес түрде меңгеруін көздейді, ал сыныпта оқу процесі кезінде жаңа ақпарат талқыланып, интерактивті және тәжірибелік бөліктері жүзеге асырылады. Мұғалім оқушыларға алдын ала жаңа тақырыпқа сәйкес ақпараттар, видео сілтемелерді үй тапсырмасына береді. Басқаша айтқанда, оқытуда жаңа білімді үйде, өз бетімен меңгеру үшін бейнемазмұн, оқу ресурстары, интернет платформалар пайдаланылады. Сынып сабақтары оқушылардың жаңа ақпаратты талдауына, сұрақ қоюына, проблемаларды шешуіне, әрі топта бірлесіп жұмыс істеуге арналады. Басқаша айтқанда, төңкерілген сынып аралас оқыту технологиясының моделі болып табылады, яғни дәстүрлі оқыту технологиясының бірден-бір үйлесімді компонентті болып табылады. «Төңкерілген-сынып» әдісінің ағылшын «Flipped-classroom» сөзінен шыққан. Әрі бұл әдістің өзіндік 8 мағынасы бар [1]:

1. F – flexiable environment (қолайлы және икемді орта). Мұғалім оқушыларға алдын ала жаңа сабаққа байланысты видер материалдар мен сабаққа қажетті ресурстарды береді. Сонымен қатар, жаңа тақырыпты меңгеруге уақыт береді. Басқаша айтқанда, оқушыларға оқу үшін икемді уақыт беріледі. Олар жаңа тақырыпты үйде видео сабақты қарайды, ал сыныпта сол жаңа тақырыпқа байланысты тапсырма орындап, мұғаліммен және сыныптастарымен талқылап, жаңа сабақты меңгереді.

2. L – learning culture (оқу мәдениеті). «Төңкерілген – сынып» әдісінде мұғалім ақпарат беруші емес, бағыттаушы рөлде болады. Бұл оқушының белсенді болуына жол ашады.

3. I – intentional content (мақсатты мазмұн). Мұғалім үйде оқуға арналған материалдарды оқушыларға берер алдында мұқият таңдау қажет. Яғни мұғалім оқушы үшін тақырыпқа байланысты ең маңызды материалдар, түсінікті видео сабақтар мен оқулықтарды қолдану керек. Әрі сыныпта орындалатын тапсырмалар да нақты оқу мақсатына сәйкес беріледі.

4. P – professional educator (кәсіби мұғалім). Флиппед әдіс мұғалімнің рөлін төмендетпейді, керісінше күшейтеді. Мұғалім оқу процесін ұйымдастырушы, бағыт – бағдыр беруші және бақылаушы рөлін атқарады. Ол оқушылардың прогресін жіті қадағалап, оларға жеке көмек көрсетеді.

5. P – progressive engagement (Прогрессивті қатысу). Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, өздерінің пікірлері мен ойларын айтып, бірге жұмыс істейді. Яғни, топтық жұмыстар , пікірталас, жобалар арқылы жаңа сабаққа байланысы оқушыларда терең түсінік қалыптасады.

7. E – enhanced interaction (Күшейтілген өзара әрекеттестік). Оқу үдерісінде мұғалім мен оқушылар өзара бір-бірімен кері байланыс пен қарым-қатынас болу қажет. Әсіресе, оқушыларда өзара сабақта талқылау, өз пікірін білдіру кезеңдері көбірек болуы керек. Нәтижесінде, бұл ортада сенімділік артады, оқушылар бір-бірінен үйренеді.

8. D – deep understanding (Терең түсінік). Оқу процесінің басты мақсаты жаңа тақырыптың материалын жай ғана жаттап алу емес, оны қолдану, түсіну, әрі талдау болып табылады. Флиппед сыныпта оқушылар шынайы өмірлік жағдайларда білімдерін қолдануға машықтанады [2].

Қазіргі уақытта кез келген пәнді оқытуда төңкерілген сабақ әдісін тиімді пайдалану арқылы оқушының ізденпаздық қабілетін арттырып, келешекте жан-жақты, білімді тұлға қалыптастырудағы үрдіс басты мақсат екені сөзсіз. Төңкерілген оқыту оқушылардың өзіндік жұмыс уақытын басқарудағы ең тиімді тәсілдердің бірі. Ақпараттық-технологиялық білім беру дереккөздерін қолдану арқылы іске асырылатын аралас оқыту жүйесін енгізіп, пайдалану болып табылады. Қысқаша айтқанда, флиппед-сынып әдісі білім беру жүйесінде оқытуды заманауи әрі сабақта тиімді жүргізудің бір жолы болып табылады. Бұл әдістің тағы бір ерекшелігі оқушыларды тек тыңдаушы рөліне емес, белсенді қатысушы ретінде қарастырады, яғни олар өзара жаңа оқу материалына белсенді түрде талқылап, өз пікірлері мен шешімдерін ұсынады. Ендігі кезекте флиппед-сынып әдісінің принциптерін қарастырайық [2]:

Оқушылардың дербестігі мен жауапкершілігін арттыру. Төңкерілген сынып әдісінің негізгі принциптерінің бірі оқушылардың жаңа ақпарат меңгерудегі жауапкершілікке тәрбиелеу және сыныпта дербес жұмыс істеуіне мүмкіндік беру. Яғни сыныпта мұғалім білім алушыларға жаңа тақырыпты түсіндіруге емес, сол тақырыпқа байланысты тапсырмаларды орындап, білімдерін тереңдетуге бағытталған әрекеттер жасауға мүмкіндік береді. Оқушылар жаңа ақпаратты алдымен өз бетінше зерттейді (видеороликтар, оқу материалдары, электронды ресурстар). Сәйкесінше, сыныпта осы білімді талқылап, нақты практикалық мәселелерді шешуге қатысты жұмыстар жүргізіледі [1].

Интербелсенділік. Флиппед-сынып әдісі интерактивті оқытуға негізделген, яғни сабақта оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас интербелсенді түрде жүзеге асады. Оқушылар сыныпта жаңа білімдерін тек тыңдап қана қоймай, оны топтық талқылаулар, пікір алмасу, түрлі тапсырмалар немесе әртүрлі қызықты интерактивті әдістер арқылы қолданады. Бұл оқушылардың сыныптағы жұмысқа белсене қатысуын қамтамасыз етеді [3].

Топтық жұмыс. Оқушылар өзара топ болып бөлініп, белсене сабаққа қатысып тығыз жұмыс істейді. Топта жаңа тақырыпты меңгеру деңгейін тексеруге арналған тапсырмалар орындайды. Педагогикалық үрдісте оқушылар топтық жұмыста өздерінің ой-пікірлерін білдіріп, нәтижесінде ортақ шешім қабылдайды. Флиппед-сынып әдісі білім алушылардың топтық бірлестікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, осыған сәйкес оқушылар жаңа білімді меңгеруде өз білімдерін біріктіріп, ал мұғалім дұрыс бағыт-бағдар беруші рөлінде болады [2].

Тәжірибелік бағыттылық. Білім тек теориялық тұрғыдан емес, сонымен қатар практикалық маңызды болуы қажет. Сәйкесінше, төңкерілген сынып әдісі оқу үдерісінде тәжірибелік жұмыстың маңыздылығын арттырады. Оқушылар үйде теориялық білім алса, сыныпта осы білімді нақты жағдайларда қолдану дағдыларын меңгереді. Мысалы, химия сабағында теориялық білім тәжірибелік жұмыстар мен зерттеулер арқылы бекітіледі. Бұл

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және алған білімдерін өмірде қолдану дағдыларын дамытады.

Мұғалімнің негізгі рөлі - дұрыс бағыт-бағдар беруші. Флиппед-сынып әдісін өз сабақтарында қолданатын мұғалімнің рөлі дәстүрлі оқытушыдан өзгеше.Себебі, мұғалім жаңа тақырыпқа байланысты түрлі ақпараттар мен дереккөздерді оқушыларға өз бетінше беріп қана қоймай, білім алушылардың білім алуына дұрыс бағыт-бағдар беретін негізгі тұлға рөлін атқарады [6].

Технологиялардың интеграциясы. Флиппед-сынып әдісінің тағы бір маңызды принципі – қазіргі заман талаптарына сай технологиялар мен цифрлық ресурстарды қолдану. Оқушылар жаңа тақырыпқа байланысты ақпаратты алу үшін онлайн сабақтар, оқулықтарды, интерактивті жаттығулар пайдалануға болады. Бұл технологиялар оқу процесін оңайлатады және оның қолжетімділігін арттырады.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы және кері байланыс. Төңкерілген-сынып әдісінде оқушылар өз меңгерген білімдерімен қоса, сабақта жасаған тапсырмаларын тексеріп,өз-өзін бағалау мүмкіндігіне ие болады. Бұл әдіс оқушыларға өздерінің мықты және әлсіз тұстарын анықтауға,білім алуда одан сайын өз білім жетілдіруге септігін тигізеді [2].

Дәстүрлі оқытуда мұғалім сабақты түсіндіріп, білу және түсіну дағдыларын сыныпта ғана орындалалы да, қолдану тапсырмасы жинақталып, үй тапсырмасын береді. Яғни оқушы сыныпта жаңа сабақты теориялық тұрғыда меңгеріп, сабақтың тақырыбы мен осыған байланысты әртүрлі ақпарат ресурстары беріліп, оқушы өзі үйден жан-жақтан ізденіп, сабаққа дайындалып, келген материалдар бойынша мұғалім көмегімен сыныпта анализ жасайды. Ал ендігі кезекте «Төңкерілген-сынып» әдісінің қолданысқа ие өзіндік 7 түрі бар [7].

Оларға тоқталсақ:

1. Стандартталған сынып (Дәстүрлі флиппед-сынып)
2. Пікірталасқа бағытталған сынып (Синхронды флиппед)
3. Демонстрациялық сынып (Гибридті флиппинг)
4. Топтық төңкерілген сынып
5. Виртуалды сынып [5].

Оқушылардың флиппед әдісін пайдалану барысында 3 критерий арқылы; жаңа тақырыпты түсінуі, сабаққа қызығушылығы және ізденпаздылық дағдыларына қарай бағаланды. Бағалау 10 баллдық шкала арқылы жүзеге асты. Ендігі кезекте, берілген мәліметтерге сүйеніп, пайыздық көрсеткіш арқылы есептейтін болсақ, жалпылама сынып бойынша жаңа тақырыпты түсіну деңгейі 82,8%, оқушылардың сабаққа ынтасы 90%, ізденпаздылық қасиеті 88,5% болды.



1-диаграмма. Флиппед әдісін қолданудағы оқушылардың білім көрсеткіші

1 кесте – Флиппед әдісін пайдаланудағы оқушылардың сабақтағы 3 критерийге сәйкес пайыздық білім көрсеткіші

Оқушының аты - жөні	Жаңа тақырыпты меңгеруі (%)	Сабаққа ынтасы (%)	Ізденпаздылық дағдысы (%)	Жалпылама (%)
Өсерғали Нұрдәулет	80	90	100	90
Жамбылбек Аруназ	90	100	90	93,3
Жамбылбек Ақназ	85	90	80	85
Дәрібек Аружан	70	80	75	75
Әділбек Бибімариям	90	100	90	93,3
Садығали Арай	70	70	75	71,6
Жумабек Адель	95	100	100	98,3

1 кесте бойынша 3 маңызды критерий арқылы 10 «А» сынып оқушыларының үлгерімін пайыз бойынша қорытынды көрсеткіші берілген. Үлгерімі ең жоғары пайыздық мөлшері «98,3%» немесе 9,6 балл, ал ең төмен «71,6%» яғни 7,1 баллды құрады. Сынып бойынша орташа пайыздық көрсеткіш 86,6%, ал баллдық шкала бойынша 9.5 баллды қамтиды.

Қорытындылай келе, химия сабағында «флиппед-сынып» әдісін қолдану барысында видео сабақтар мен интерактивті құралдар мен платформаларды қолдану оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, ғылыми тұрғыда өрісін кеңейтіп, сыни ойлауын дамытады. Бұл әдіс оқытудың мазмұны мен құрылымын түбегейлі өзгерту емес, оқыту сапасын арттыруға және жаңарту да қолданысқа ие көмекші құрал. Ол жай ғана заманауи тренд емес, келешекке бағытталған білім беру үдерісін дамытатын әдіс. Сонымен қатар, мұғалім бұл әдіс – тәсілді қолдану да тек қана білім беріп қана қоймайды. Сәйкесінше, оқушыны ізденпаздылыққа, жауапкершілікке, сыныптастарымен бірлесіп жұмыс жасауына, яғни командалық жұмысқа тәрбиелейді. Ұстаздар бұл әдісті өз тәжірибесіне және сабағына енгізу арқылы оқытуда жаңа мүмкіндіктерін ашып, XXI ғасырдың талаптарына сай заманауи оқу ортасын қалыптастыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұғыманұлы И, Шоқыбаев Ж.Ә, Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. –Алматы: Print-S, 2005.- 354 б.
2. Құрманәлиев М.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялар: оқу құралы // М.Қ. Құрманәлиев. – Алматы: Альманах, 2016. – 270 б.
3. Мұхамбетжанова С.А. Төңкерілген сынып технологиясын қолдану арқылы білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру // «Қазіргі білім беру кеңістігіндегі цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан: НЗМ ДББҰ, 2020. – 225-228 б.
4. Байтенова А.Б., Әлімжанова Ж.Т. Қашықтан оқыту жағдайында «Flipped learning» технологиясын қолдану // «Педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2021. – 135-138 б.
The students asked ChatGPT to create a test on the Infinitive and assess their responses. The purpose of this stage was for ChatGPT to grasp on the starting level of knowledge of the students of the Infinitive to later compare it to their results after all of the stages. Throughout the experiment the teacher would re-explain the Infinitives once more after the incorporation of the use of artificial intelligence in the classroom to discover whether their motivation, if heightened, affects their understanding of the Infinitives due to increased attention.

Figure 3. Example of a student's starting result



Here we can see that one of the students received 6 points out of 10. As we all know, ChatGPT memorises all of the things we write when messaging it – that is why it works as a good base for tracking the students' progress.

Then we composed the creative tasks for the teacher to incorporate them in the lessons.

.

Table 2. The tasks

Tasks	
«Imagine that you're going to travel to all of the countries of your choice. Draw a map of your trip and movements, photograph it and	«Ask ChatGPT to imagine that the famous Russian writers as Pushkin, Lermontov are alive in the modern day. Ask it to create a book

send it to ChatGPT. Ask it to create a script for your imaginary TV programme, then film a video based on that script»	cover which they think would be for their fictional modern book – then describe the plot of a book in English based on the book cover it sent you. Then try to make the book cover yourself, take a picture and send it to it and ask it to assess your describing abilities and illustrative abilities»
«Ask ChatGPT to create a movie poster. Then describe it based on the picture it sent you. Send the movie description to ChatGPT and ask it to assess your abilities of creating a movie plot and correctly describing the poster»	«Go to https://www.freshbots.org/ [5] and ask it to generate lyrics for a song, based on however you would want this song to be and on a theme and genre of your choice. Then find a suitable melody for it on the Internet. Then go to https://suno.com/home [6], insert the received lyrics and ask it to generate a song based on that. After that, ask ChatGPT to compare a melody of your choice with a melody the AI website provided and assess your abilities to choose a melody for lyrics. After that, describe the message of the song and ask ChatGPT to assess your skills of understanding the point of a song»

Two of the tasks are specialty-specific – specific for the specialty under which the participants are studying: «Geography and History» and «Russian Language and Literature» respectively and the other two are theme-specific – specific for one of the themes from their syllabus.

Results

During the observation, the teacher informed us that there definitely was improvement in the students' attention and activity, that is, their motivation. But we analysed data ourselves after received renewed data from the teacher.

Figure 4. Level of motivation in the end



We can see that after incorporating tasks involving the use of artificial intelligence, there has certainly been improvement. Now 11 students or 29.73% have high motivation, 19 students or 51.35% have good motivation, 4 students or 10.81% have medium motivation and 3 students or 8.11% have low motivation. There are still no students with absent motivation. Such results are not surprising, as AI can be both a coach and a partner, will not criticize and condemn, but evaluate and support students in learning a language – it is expected that working with AI would increase their motivation and attention [7].

However, observation is not always a precise way to measure the changes, that is why we asked the students to ask ChatGPT to send them a test on the Infinitive consisting of 10 questions once again – to assess whether their heightened attention and motivation influenced their understanding of teacher's repeated explanation of the Infinitive and therefore their results. This time, the students were also told to ask ChatGPT to comment on their progress.

As ChatGPT remembers everything we say or write in the dialogue chat with him, the tracking of the students' progress was made possible. This would help students not only see how many points they receive the second time around, but they would also receive feedback and comment on their progress from the artificial intelligence.

Figure 5. Example of a student's final result



Based on this screenshot, we can see the improvement of a student. ChatGPT showed the test results to the student, demonstrating the number of points they got and also commented on their progress in comparison to the result from the starting test on the Infinitive.

The overall improvement of the participants is shown on the following table:

Table 3. The overall improvement

Student	**Points for the first test**	**Points for the second test**
AA	5	7
AI	8	9
AZH	10	10
BA	6	8
BE	6	8
BS	9	10
BZH	5	6
DD	7	10
EK	8	8
EO	8	10
KA	4	6

KD	7	8
KHA	9	9
KK	6	7
KN	8	9
KN2	7	9
MA	6	7
MD	9	9
MD2	7	9
MK	6	8
MT	5	8
OM	7	7
PN	7	9
SD	6	7
SE	9	10
SHA	3	6
SHS	7	9
SM	7	8
SSH	6	7
ST	6	8
SZH	8	9
SZH2	7	7
TB	9	10
TE	8	8
TM	7	9
TN	7	10
ZHD	6	8

As we can see on the table, most of the students improved their results, even if there are some students who improved not so significantly. We can say that due to the increased attention of the students, they were able to understand the grammar and the explanation of the Infinitive better and that is why they received better results for the final test from ChatGPT. Creative tasks with the incorporated artificial intelligence had good influence on the students' motivation and their attention on the ESL lessons, which is not of surprise to us, as lately artificial intelligence technologies have demonstrated significant potential in improving various facets of language learning [8]. We would say that the students would probably have even better results if the teacher continues using artificial intelligence on their lessons.

On the final note, we conducted a short interview with the teacher to ask about the use of artificial intelligence specifically with the students of non-linguistic specialties.

Table 4. The short interview

Question	**Answer**
What is the advantage of using AI specifically when working with students of non-linguistic specialties?	«As it is more difficult for them to learn English language, it helps that ChatGPT can make the tasks easier if I need them to be less complicated»
What can you say about the recent experience using AI on the ESL lessons with the non-linguistic students?	«It was effective in increasing their attention and motivation on the lessons. ChatGPT is something that they have personal interest in, therefore it was of interest to them to do tasks involving it»

How should one use AI when teaching English to non-linguistic students?	«To center the tasks not only on AI, but also, of course, on the main focus of their specialty, make them related to what they are learning at the first place. We need them to learn English in connection with their major, not just to learn English only»

We can highlight the answer of the teacher that when working with non-linguistic students and using artificial intelligence on the ESL lessons with them, one should center the lessons around their specialty, not forgetting about that we need to teach not just English only, but English in correlation with their sphere of learning. Furthermore, the teacher noted themselves that the incorporation of artificial intelligence improved attention and motivation of the students, while also commenting on the specifics of using artificial intelligence when working with non-linguistic students specifically – the teacher notes that this technology is good for working with students from non-linguistic groups specifically due to the fact that they can regulate the difficulty of exercises, as it is more difficult for them to learn English language.

Discussion

We can say that the research was conducted successfully. First, we conducted a survey. Most of the students were inclined to believe that the use of artificial intelligence would probably heighten their motivation and interest towards learning English language. Then we analysed the teacher's notes about their students' level of motivation, after which the teacher explained the Infinitive to students and following that, the students were asked to do a test from ChatGPT and ask it to assess their results. Further, the teacher started incorporating tasks involving artificial intelligence on their lessons to see if they have any effect on the students' interest, motivation and attention in the classroom. The teacher assessed their changes and sent the data to us, which we analysed. There was improvement in their attention, motivation. But to measure the improvement more precisely, they were asked to pass a test on the Infinitive from ChatGPT once again to see if there are any changes in their understanding of the rules, if there are any improvements in that aspect. According to the received data, we saw that there was definite improvement in most of the students' results. There were several students who improved their results by only 1 point or students whose results stayed the same, but there is still visible improvement overall. Conducting a short interview with the teacher, we can highlight their commentary on artificial intelligence being useful for teaching non-linguistic students, as one can regulate difficulty of tasks with this technology and make them easier for non-linguistic students, for whom it is more difficult to learn English language.

Conclusion

We can conclude by saying that incorporating artificial intelligence on the ESL lessons of the students of non-linguistic specialties does improve their motivation, attention, and therefore their understanding of the material. As it is more difficult for students of non-linguistic students to learn English language in comparison to students of linguistic specialties, artificial intelligence serves as a good base for creative tasks, especially considering that students nowadays show great interest in using artificial intelligence even in their personal lives as well. That is why including the use of artificial intelligence improves students' performance on the lessons – it is something familiar, interesting for them and something convenient for them to use.

Recommendations

We saw the convenience in ChatGPT tracking progress of students, comparing their starting results with the final results – that is why we recommend to teachers to suggest students to use ChatGPT for tracking their progress and ask it for advice on how to improve themselves. Direct «communication» with artificial intelligence is convenient and would build a sense of working with a personal tutor.

REFERENCES

1. Barysheva E. V. Features of teaching English in universities and colleges to students of non-linguistic specialties // The world of pedagogy and psychology. – 2017. – №12(17). – 1 p.
2. Kuimcheva M.G., Nizhelskaya Yu.A. The use of artificial intelligence for learning English // Humanities of the South of Russia. – 2024. - №2(66). – 1259 p.
3. ChatGPT. URL: https://chatgpt.com / (date of application: 20.03.25).
4. Matsko D.S. Rules of teaching English to students of non-linguistic specialties of universities (organizational and methodological stage) // Bulletin of Omsk State Pedagogical University. Humanitarian studies. – 2016. - №3(12). – 94 p.
5. FRESHBOTS. URL: https://www.freshbots.org / (date of application: 22.03.25).
6. SUNO. URL: https://suno.com/home (date of application: 22.03.25).
7. Kudryashova S. V. The role of artificial intelligence in language education // Bulletin of PNRPU. Problems of linguistics and pedagogy. – 2024. - №3. – 71 p.
8. Zhumatayeva Z. N., Mametkarim Zh.M., Dosanova A.M. The role of artificial intelligence in the formation of communicative competence in foreign language lessons // Bulletin of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2024. - №6(412). – 127 p.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-164-166
УДК 378:37.046:811.111

ЦИФРЛЫҚ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ТіЛ ҮЙРЕНУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІ

ИСКАКОВА Ш.Г., МУХАНБЕТЖАНОВА Р.С.
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ.

***Аннотация**: Қазіргі уақытта нейрожелілер мен чат-боттардың көптеген өмір салаларында, соның ішінде білім беру саласында қарқынды дамып келе жатқаны байқалады. Күн сайын жасанды интеллекттің түрлері көбейіп келеді. Жасанды интеллект үлкен көлемдегі ақпаратты қабылдап, талдап, жекелендірілген ұсыныстар беруге қабілеттілігімен шетел тілдерін оқытуда тиімді құрал болып табылады.*

***Кілт сөздер:** Жасанды интеллект, онлайн-ресурстар, технология, цифрлық құзыреттілік, оқыту үдерісі*

Қазіргі уақытта жасанды интеллект білім беру саласында қуатты құралға айналуда, ол студенттердің мәдениетаралық дағдыларын дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары пайдаланушының сұранысы бойынша бірнеше секунд ішінде сабақ жоспарларын, презентациялар, суреттер, мәтіндер, сұрақтар, интеллект-карталар және басқа да оқу материалдарын жасай алады. Чат-боттар әңгіме жүргізіп, сұрақтарға жауап беріп, орындалған жұмысқа пікір білдіріп, оны қалай жақсартуға болатыны туралы ұсыныстар бере алады. Жасанды интеллектпен өзара әрекеттесе білу және оны шетел тілін үйрету мақсатында пайдалану – шетел тілі оқытушысының цифрлық құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндағы цифрлық құзыреттілік деп цифрлық ортада білім беру үдерісін жүргізуге қажетті білім, білік, дағдылар мен дайындық деңгейін айтамыз. Шетел тілі оқытушысы цифрлық құралдарды, бағдарламаларды және онлайн-ресурстарды шетел тілін оқытуда қолдана білуі, өзінің цифрлық оқу материалдары мен цифрлық орталарын жасай алуы, сондай-ақ оқыту үдерісін цифрлық ортада ұйымдастырып, оны басқара алуы тиіс.

Шетел тілі оқытушысының жұмысында жасанды интеллект қандай функция атқара алады? «Білім берудегі жасанды интеллект» атты кітаптың авторларының айтуынша, 2030 жылға қарай ЖИ оқытушыларға көмектесуді, олармен ынтымақтастықта жұмыс істеуді және оқытушы мен білім алушы арасындағы делдал рөлін атқаруды меңгеретін болады. Қазіргі таңда шетел тілі оқытушылары оқу үдерісінде кеңінен қолданатын көптеген платформалар (Edvibe, Miro, Notion, Trello, Canva және т.б.) ЖИ көмекшілерін енгізіп үлгерді. Бұл көмекшілер бір ғана батырманы басу арқылы оқытушыға қажет мәтіндер мен тапсырмаларды, суреттерді, диаграммаларды, карточкаларды және басқа да дидактикалық материалдарды жасай алады. Шетел тілі курстарына чат-боттар енгізілуде, олар курс қатысушыларының сұрақтарына жауап беріп, оқытушылардың күнделікті жұмыстарға кететін уақытын қысқартады. ChatGPT жазбаша жұмыстарды тексеріп, қателерді көрсетіп, оларды түзету жолдарын ұсына алады. Осылайша, педагогтар ЖИ жұмыс істейтін алгоритмдерді пайдалану арқылы өз жұмысын бұрынғыдан да жақсы атқаруға мүмкіндік алады. Осы тұрғыда әдебиеттерде «кеңейтілген интеллект» немесе «адам мен компьютер тандемі» тұжырымдамасы айтылады, ол әрқайсысының қателіктерін түзеп, оқу үдерісінің тиімділігін арттырады.

ChatGPT білім беру саласында қолдану мәселесін зерттеген Е.В. Ивахненко мен В.С. Никольский нейрожелілер барлық деңгейдегі білім берудің ажырамас бөлігіне айналатынына сенімді болды. Олар мұны бір кездері есептеуіш функциялар компьютер арқылы біздің өмірімізге толықтай енгізілгендігімен салыстырады. Біздің ойымызша, мәтінді генерациялау, талдау және бағалау жүйелері іздеу шешімдерін жеделдететін катализаторлар, ойлау операцияларын біріктіретін және жеңілдететін «интеграторлар мен оптимизаторлар» ретінде

сәтті жұмыс істейді және күрделі когнитивтік әрі инновациялық міндеттерді шешуге көмектеседі. ChatGPT жаңа білім саласына тезірек енуге мүмкіндік береді — онымен жүргізілетін диалог өзекті мәселелерді анықтап, гипотезалар тұжырымдауға жол ашады. Шетел тілін оқыту үдерісінде қолдануға болатын ЖИ технологияларына шолу жасайық. Алдымен тікелей осы мақсаттарға арналған бағдарламаларды қарастырамыз. Мысалы, бұған Duolingo және Babbel қосымшалары жатады.

Duolingo білім беру платформасы 30-дан астам тілді үйренуге арналған курстарды ұсынады. Duolingo-ның BirdBrain атты жасанды интеллекті (ЖИ) құралы әрбір пайдаланушының профилін зерттеп, оның оқу траекториясына болжам жасайды, осылайша оқытуға жекелендірілген көзқарасты қамтамасыз етеді. Бұл жүйе курс қатысушысына қиындық тудыратын тапсырмаларды бақылап отырады және сол тапсырмаларда жіберілген қателерді есте сақтап, алдағы оқу жоспарын соған сәйкес құрастырады. Платформаның Explain My Answer (Жауабымды түсіндір) функциясы тіл үйренушілерге Duo ботымен сөйлесуге мүмкіндік береді. Бот жауапты бағалап, түсініктеме бере алады, сондай-ақ материалды жақсы меңгеруге көмектесетін қосымша мысалдар ұсынады. Roleplay (Рөлдік ойын) функциясы арқылы әртүрлі елдерден шыққан виртуалды кейіпкерлермен (лингво-боттармен) шынайы қарым-қатынас жағдайларын практикада қолдану арқылы ұпай жинауға болады.

Babbel шетел тілдерін үйренуге арналған интерактивті онлайн-курстар жиынтығы. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының арқасында Babbel жүйесі сөйлеуді тануға және айтылымды түзетуге қабілетті: ол тіл үйренушінің айтқан сөздерін базадағы, сол тілді ана тілі ретінде меңгерген курс редакторлары жазған үлгімен салыстырады.

Қазіргі уақытта шетел тіліндегі мәтіндерді өңдеуге арналған, жасанды интеллект технологияларын қолданатын бірнеше тиімді онлайн-ресурс бар. Солардың бірі – Grammarly. Бұл құрал грамматика, орфография, тыныс белгілері, жазу стилі мен сөйлем құрылымы сияқты 150-ден астам қате түрін түзете алады. Қателер анықталған жағдайда, Grammarly оларды түзету бойынша ұсыныстар береді және әртүрлі баламаларды ұсынады.Осы сервиспен жұмыс істеу студенттерге өз мәтіндерін талдауға мүмкіндік беріп, сыни ойлау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Бұл дағдылар болашақта курстық жұмыстар, магистрлік диссертациялар, ғылыми мақалалар, аннотациялар және басқа да жазбаша жұмыстар жазу кезінде өте пайдалы болады.

QuillBot жасанды интеллект негізіндегі перефразалауға арналған құрал болып табылады. Ол студенттерге өз мәтіндерін өңдеуге және олардың мәнерін (тональдылығын) өзгертуге көмектеседі, бұл өз кезегінде мәтіннің түсініктілігі мен анықтығын арттырады.Боттар белгілі бір уақыт аралығында студентпен нақты бір тақырып бойынша «қарым-қатынас» жүргізе алады, сондай-ақ оқытушы белгілеген мерзімде білімді бақылау жұмыстарын өткізіп, материалды меңгеру статистикасын жинақтап, оқытушыны білім алушылардың үлгерімі туралы автоматты түрде хабардар ете алады.

Шетел тілін оқыту үшін арнайы жасалмаған, бірақ бұл мақсатта қолдануға болатын ЖИ құралдары да бар. ChatGPT-тің маңызды ерекшеліктерінің бірі — мәтінді мағынасына байланысты түсіну және генерациялау қабілетінің болуы. Бұл платформа алдыңғы хабарламаларды ескере отырып жауап береді, осылайша табиғи әрі мазмұнға сай қарым-қатынас жағдайларын жасайды.Осы ерекшеліктің арқасында ChatGPT оқытушылар мен студенттерге «виртуалды сұхбаттасушымен» өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді: диалог жүргізу, әртүрлі тақырыптарды талқылау, сұрақтар қою және оларға жауап беру мүмкін болады.

Шетел тілін оқыту мақсатында пайдалануға болатын бағдарламалардан бөлек, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін оқытушыларға арналған көмекші құралдар да бар. Осындай көмекшілердің бірі — Twee сайты. Бұл платформа шетел тілінің әртүрлі аспектілері бойынша (лексика, грамматика, оқу, тыңдалым, сөйлеу, жазу) тапсырмалар дайындау үдерісін жеңілдету үшін арнайы жасалған. Оның көмегімен мәтіндер мен сол мәтіндерге арналған

сұрақтарды (ашық сұрақтар, дұрыс жауабын таңдауға арналған сұрақтар, дұрыс/дұрыс емес форматындағы сұрақтар) құрастыруға болады.

Сонымен қатар Twee платформасы бос орындарды толтыруға арналған лексикалық және грамматикалық жаттығуларды, сөздерді анықтамаларымен сәйкестендіру, жақша ішіндегі сөздерді дұрыс формада жазу, сөздерді дұрыс ретпен орналастыру сияқты тапсырмаларды автоматты түрде жасайды.Twee бейнематериалдарға транскрипция жасап, сол бейнелерге сұрақтар құрастырады, таңдалған тақырып бойынша танымал тұлғалардың қызықты дәйексөздері мен фактілерін ұсынады, талқылауға арналған сұрақтар, артықшылықтар мен кемшіліктер тізімдерін, эссе тақырыптарының жинағын да жасап береді.

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласына жалпы және шетел тілін оқыту үдерісіне арнайы енгізу мәселесін қарастыра отырып, авторлар мынадай қорытындыға келді: ЖИ қолдану шетел тілі оқытушысының кәсіби қызметін жеңілдетіп, сабаққа дайындалу, тапсырмаларды құрастыру мен тексеру уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Ал студенттер репетиторлардың көмегіне жүгінбей-ақ, шетел тілін меңгеруде ЖИ құралдарын пайдалана алады.

Шетел тілі оқытушысын жасанды интелектпен алмастыру мәселесін айта кетсек, жасанды интеллект білім беру үдерісін толықтыра және жақсарта алады, бірақ оқытушыларды толығымен алмастыруы мүмкін емес. Жасанды интеллектпен салыстырғанда, педагогтарда эмпатия, мотивация және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары бар. Олар материалды жақсы түсініп, тақырыптың түрлі көзқарастары мен қажеттіліктерін ескере отырып түсіндіре алады, сыни ойлау мен жеке пікір қалыптастыруды ынталандырады. Жасанды интеллект (ЖИ) шетел тілін оқытуда қолдану бағытындағы жұмыс болашағы және жаңа ЖИ құралдарын әзірлеумен шектелмей, сонымен қатар оқытушылар мен студенттердің ЖИ-мен өзара байланысты алгоритмдері мен механизмдерін жасау және осыған сәйкес тапсырмалар жүйесін құру тұрғысынан да жалғасуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гусев В.Е. Искусственный интеллект в образовании: перспективы и ограничения // Образование и наука, 2022, №3.
2. Luckin, R. et al. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Centre for Education and Innovation, 2016.
3. Рольгайзер А. А. Перспективы использования искусственного интеллекта в практике преподавания иностранного языка //Актуальные вопросы лингводидактики и методики преподавания иностранных языков. – 2022. – С. 243-248.
4. Popenici, S.A.D., Kerr, S. Exploring the impact of artificial intelligence on teaching and learning in higher education // Research and Practice in Technology Enhanced Learning, 2017.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-167-171
УДК: 37.013

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ: CHATGPT ҚАТЕР МЕ, ӘЛДЕ МҮМКІНДІК ПЕ

БИКЕЕВА ДИНАРА МУХАМБЕТКАРЫМҚЫЗЫ
Тілдер орталығының аға оқытушысы,
К.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. *Бұл мақалада жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының, атап айтқанда ChatGPT құралының жоғары білім беру саласына ықпалы қарастырылады. Жаңа цифрлық шешімдердің енгізілуі оқу үдерісінің мазмұнын, ұйымдастырылуын және бағалау жүйесін қайта қарастыру қажеттілігін туындатып отыр. Зерттеуде ChatGPT-ті қолданудың артықшылықтары мен шектеулері сипатталып, түрлі елдердегі қабылдану ерекшеліктері салыстырмалы түрде талданады. Мақала ЖИ-дің адаммен өзара әрекеттесуіндегі мүмкіндіктері мен шектеулеріне негізделе отырып, білім беру жүйесінің болашақ трансформациясын бағамдайды.*

Кілт сөздер: *жасанды интеллект (ЖИ), ChatGPT, білім беруді цифрландыру, академиялық адалдық, генеративті тілдік модельдер, алгоритмдік технологиялар.*

Жасанды интеллект (ЖИ) – соңғы онжылдықта қарқынды дамып келе жатқан ғылым мен технология саласы. Оның қолданылу аясы өндірістен бастап білім беру, медицина, құқық, өнер, лингвистика және басқа да өмір салаларына дейін кеңейді. Бүгінгі күні ЖИ құралдары адамдардың күнделікті өміріне терең еніп, ақпаратты өңдеу, шешім қабылдау және тілдік коммуникация процестеріне белсенді араласуда.

ЖИ ұғымының ғылыми айналымға енуі XX ғасырдың ортасына сәйкес келеді. 1956 жылы Дартмут колледжінде өткен ғылыми семинарда алғаш рет «artificial intelligence» термині Джон Маккарти тарапынан ұсынылды. Сол кезеңнен бастап зерттеушілер адам интеллектісін модельдеу, логикалық ойлау және машиналық оқыту бағытында алғашқы алгоритмдер мен жүйелерді құра бастады.

1960–1970 жылдары «эксперттік жүйелер» (мысалы, DENDRAL, MYCIN) жасалып, алғашқы рет ЖИ медициналық және техникалық шешім қабылдау процесіне тартылды.

1980–1990 жылдары нейрондық желілер мен стохастикалық модельдер қайта жанданып, машиналық оқыту әдістері қарқынды дами түсті.

2000-жылдардан кейінгі кезеңде компьютерлік қуаттың артуы, интернеттегі үлкен деректердің (Big Data) жинақталуы және жаңа алгоритмдердің пайда болуы арқасында ЖИ практикалық құралға айналды. Ал 2010 жылдан бастап «терең оқыту» (deep learning) және табиғи тілді өңдеу (Natural Language Processing, NLP) салаларындағы жетістіктер арқасында ЖИ жүйелері адамның сөйлеу тілін түсініп, өңдеп, жауап бере алатын дәрежеге жетті.

ЖИ дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі – OpenAI компаниясының 2022 жылы ChatGPT атты генеративті тілдік моделін ұсынуы болды. Бұл модель трансформер архитектурасына негізделген (GPT – Generative Pre-trained Transformer) және миллиардтаған мәтіндік деректерді алдын ала оқып, тілдік заңдылықтарды үйренуге қабілетті.

ChatGPT қолданушылармен табиғи тілде диалог жүргізіп, сұрақтарға жауап беру, мәтін құрастыру, эссе жазу, код өңдеу сияқты күрделі тапсырмаларды орындай алады. Оның қолжетімділігі мен функционалдық мүмкіндіктері білім беру, ғылым, журналистика, бағдарламалау және басқа да салаларда кеңінен қолданылуына жол ашты.

ChatGPT-тің ерекшелігі – ол тек дайын ақпарат бермей, берілген сұранысқа сай жаңа мазмұнды мәтін құрастыра алады. Бұл – ЖИ жүйелерінің генеративті мүмкіндіктерінің артуымен байланысты түбегейлі өзгеріс. Сонымен қатар, ChatGPT – адам мен машина

арасындағы өзара әрекеттесуді жаңа деңгейге шығарған алғашқы көпшілікке қолжетімді модельдердің бірі [1].

Қазіргі таңда қашықтан білім беру емес, жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары – атап айтқанда, ChatGPT – білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасында қызу талқылау нысанына айналуда.

ChatGPT миллиондаған адамға генеративті ЖИ үлгісімен жұмыс істеу мүмкіндігін беріп, оның әлеуетін сынап көруге жол ашты. Үлкен көлемдегі деректер негізінде оқытылған, қолдануға жеңіл бұл чат-бот қазіргі қоғамның күнделікті өміріне қарқынды енуде. ChatGPT-нің соңғы нұсқасына негізделген технологиялар бірден коммерциялық өнімдерге – Bing іздеу жүйесіне, Edge браузеріне және Microsoft 365 кеңселік бағдарламалар жиынтығына интеграцияланды.

Алайда компьютерлік технологиялардағы көптеген инновациялар Gartner компаниясы «hype cycle» деп атайтын кезеңдерден өтеді – бұл нарықтағы дамудың өзіндік сатылары. Көп жағдайда, бастапқыдағы оптимистік болжаулардан кейін бұл технологиялар дамуын тоқтатып, өзінің әлеуетін жоғалтады. Gartner-дің зерттеулері мен болжамдары технологиялық инновациялардың даму шындығын дәл көрсетеді. Мысалы, жақында кең жарнамаланған және танымал болған «метағалам», Meta компаниясы ұсынған түрінде, бүгінгі күні тек «Sims» тәрізді ескі компьютерлік ойынға ұқсап, көбіне маркетингтік мақсатта – ескі брендтерге арналған жаңа көрме ретінде ғана көрініс табады [2].

Егер Facebook желісінде метағаламға деген қызығушылық шектеулі болған болса, ChatGPT тәрізді үлкен тілдік модельдер нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, дипломдық жұмыс жазу немесе ақпарат іздеу процесінде көмекші ретінде қолдануға болады. ChatGPT эссе, заңдық келісімшарттар, дәріс конспектілері, өлеңдер мен компьютерлік кодтар құрастыра алатындығымен қолданушыларды таңқалдырды. Дегенмен, оның дәлдігі мен креативтілігі әлі де болса жетілуді қажет етеді. Бұл олқылықтарына қарамастан, модельдің бүгінгі күннің өзінде сұранысқа ие болуына мүмкіндік беріп отыр.

Жоғары білім беру үдерісінде ChatGPT (және жалпы ЖИ құралдары) қолданылуы оптимистік немесе сындарлы сипатта болуы мүмкін. Оптимистік көзқарасқа сәйкес, студент ЖИ көмегімен дайындалған дипломдық жұмысын тапсырады, ал комиссия оны басқа ЖИ құралдары арқылы тексеріп, бағалайды. Алайда бұл жағдайда басты сұрақ туындайды: студент қандай білім алады және оны қалай бағалау қажет?

Жоғары білім беру саласында жасанды интеллект (ЖИ), соның ішінде ChatGPT технологиясы жаңашыл болғанымен, бұл тақырыпқа арналған ғылыми жарияланымдар да қалыптасып үлгерді. Бұл жарияланымдардың басым бөлігі чат-ботты қолдануға қатысты фактілерді, эмпирикалық үрдістерді және негізгі ұстанымдарды сипаттауға бағытталған. Онда ұқсас мәселелер жиі қайталанады: академиялық адалдыққа төнетін қауіптер, плагиат және оны анықтау, жалған ақпарат генерациясы, мәтіндердің үстірт мазмұны, алгоритмдердің еңістігі (bias), сонымен қатар — ChatGPT-ті қолданудың артықшылықтары.

Көптеген зерттеулерде келесі шешімдер ұсынылады:

- формалды реттеу;
- компьютерлік тексеру құралдары арқылы бақылау;
- тапсырмалар мен емтихан нысандарын өзгерту.

Жарияланымдардың бір бөлігі жаңа технологияның студенттер мен оқытушылар үшін ұсынатын мүмкіндіктерін сипаттаса, екінші бөлігі нақты эмпирикалық зерттеулерге негізделген: сұхбаттар, сауалнамалар, медиадағы жарияланымдарға контент-талдау, эксперименттер.

Айта кету керек, АҚШ пен Австралия секілді елдерде мәселе көбіне проблемалар төңірегінде талқыланса, ал Үндістан мен Индонезияда — жаңа технологияны қолдану мүмкіндіктері алдыңғы қатарға шығады. Бұл ChatGPT-ке берілген алғашқы бағалаудың айырмашылығын көрсетеді. Ол әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен (артта қалған елдер

үшін жаңа технологиялар алдыңғы қатарлы елдермен айырмашылықты азайту құралы ретінде қарастырылады) және бәлкім ЖИ-ге деген жалпы мәдени қатынаспен байланысты.

Сонымен қатар, ChatGPT секілді тілдік модельдердің кеңінен енгізілуіне байланысты бірқатар елеулі қауіптер туралы ғылыми зерттеулер жарық көрді. Бұл қауіптер негізінен ЖИ тек жұмысшы кадрларды ғана емес, «ақ жағалыларды» – яғни, кеңсе қызметкерлері мен шығармашылық мамандық иелерін де алмастыруы мүмкін деген алаңдаушылықпен байланысты. Қоғам мұндай өзгерістерге қалай бейімделетіні әлі де болса белгісіз. Бұдан бөлек, технологияның жалған ақпаратты тарату мүмкіндігін кеңейтетіні және онымен қалай күресу керектігі де ашық мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда.

ChatGPT жоғары білім беру үшін арнайы әзірленбегенімен, ол білім беру саласының бірнеше бағытында қолданылуы мүмкін. Мысалы:

- ChatGPT тәрізді технологиялар шетел тілін үйренуге арналған чат-боттарды жасау үшін қолданылады. Мұндай боттар студенттерге сөйлеу дағдыларын дамытуға, жаңа сөздерді меңгеруге көмектеседі.
- ChatGPT мәтінді қысқаша мазмұндау, автоматты түрде конспектілеу модельдерін құрастыру үшін де пайдаланылады. Бұл әсіресе емтиханға дайындалу немесе зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында тиімді.
- ChatGPT студенттерге эссе жазуда көмек көрсетеді: ол тақырыптар мен идеялар ұсынуға, құрылым жасауға және мәтіннің алғашқы нұсқасын қалыптастыруға қабілетті. Осылайша, ол «таза парақ» мәселесін – яғни жазуды неден бастау керектігін шешуге септеседі.
- ChatGPT емтихандар мен сынақтарға дайындық кезінде пән бойынша сұрақтарға кешенді жауап беру жүйесін қалыптастыру үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Дегенмен, бұл технологияны қолдануда белгілі бір шектеулер де бар. Ең бастысы – ChatGPT 2021 жылдан кейін болған оқиғалар мен құбылыстар жөнінде толық ақпаратқа ие емес. Бұл оның білімнің жаңартылуын қажет ететін салаларда нақты әрі өзекті деректерді ұсыну қабілетін шектейді [3].

Жасанды интеллектіні (ЖИ) білім беру саласына енгізудің әлеуетін қарастыра отырып, оның жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісіне бейімделуін қажет ететін бес негізгі жаңа бағытын бөліп көрсетуге болады:

1. *Студенттермен сабақ жүргізуге арналған контентті әзірлеу.*

Оқытушылардың уақытын үнемдеу мақсатында ЖИ құралдарын, мысалы, ChatGPT секілді генеративті модельдерді сабақ мазмұнын бастапқы жобалау сатысында қолдануға болады. Бұл жүйелер интернеттегі мәліметтерді, адамның бұрын қалыптастырған параметрлері мен тарихи контексттерді пайдалана отырып контент құрастырады. Оқу материалдарын нөлден бастап жасаудың орнына, ChatGPT көмегімен алғашқы нұсқасын дайындап, кейіннен оны оқытушылар редакциялауы тиімдірек болмақ. Дегенмен, кез келген ЖИ құралдарының тиімділігі қолданушының сұранысының нақтылығы мен мақсат-міндеттерінің нақты тұжырымдалуына тікелей байланысты.

2. *Емтихандар мен сынақтарды ұйымдастыру және өткізу.*

Қазіргі таңда бұл үдерістер оқытушылар үшін ең көп уақытты қажет ететін жұмыстардың бірі болып табылады. Бүгінде қолда бар ЖИ құралдарын пайдалану арқылы бұл міндеттерді ішінара автоматтандыруға болады. Мысалы, генеративті ЖИ құралдары алдын ала сұрақтар әзірлеуге, ауызша сұхбат жүргізуге және жазбаша жұмыстарды тексеруге көмектесе алады. Алайда әр курсқа арналған бастапқы деректерді дайындау, жауаптарды бағалау және әкімшілендіру ісі оқытушының құзырында қалуы тиіс.

3. *Ақпарат алмасу және ұйымдастырушылық үдерістерді автоматтандыру.*

Нарықтық әлеуметтік-экономикалық жүйеде жұмыс істейтін университеттер ресурстарды аз жұмсап көбірек нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Осыған байланысты, ChatGPT секілді құралдарды студенттердің, қызметкерлердің және зерттеу персоналының оқу үдерісін ұйымдастыруға, оқу жоспарындағы өзгерістерге, іс-шараларды өткізу құжаттарын

ресімдеуге қатысты сұрақтарына автоматты жауап беру үшін пайдалануға болады. Бұл әкімшілік жүктемені едәуір азайтады.

4. *Жеке білім беру траекторияларын дамыту.*

ЖИ құралдары студенттердің осы курс бойынша жиі жіберетін қателіктерін анықтауға және олардың алдыңғы курстар мен модульдердегі жетістіктеріне сүйене отырып, жеке қызығушылық тудыратын салаларды айқындауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл студентке бейімделген оқытуды іске асыруға жағдай жасайды.

5. *Студенттердің оқуға қатысу деңгейін нақты бағалау.*

Қазіргі ЖИ технологиялары бет әлпетін тану сияқты салаларда елеулі жетістіктерге жетті. Бұл оқытушыларға нақты уақыт режимінде студенттердің сабаққа қатысуы мен белсенділігін объективті бағалауға мүмкіндік беретін құралдар мен деректерге қол жеткізуге жол ашады. Мұндай жүйелер студенттердің оқу үдерісіне қаншалықты тартылғанын сандық түрде өлшеуге септігін тигізеді.

Жоғары білім беру жүйесінде ЖИ технологияларын қолдану практикасын талдау келесі үш тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

1) Білім беру саласының өкілдері ЖИ құралдарын ұнатуы да, ұнатпауы да мүмкін, бірақ оларды елемеуге болмайды. ЖИ құралдары оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде белгілі бір деңгейде қолданылып келеді және білім алу технологияларын айтарлықтай өзгертіп үлгерді.

2) ЖИ технологияларын елемеу мүмкін болмағандықтан, бұл алгоритмдік жүйелер білім беру жүйесінің мақсаттарын, міндеттерін және құрылымдарын қалай түрлендіріп жатқанын нақты түсіну және бекіту қажет.

3) ЖИ құралдарының даму әлеуеті мойындала отырып, қоғам ең алдымен оларды қолданудың шектерін, яғни «табу» аймақтарын анықтауы тиіс — интеллектуалды машиналарды қолдануға жол берілмейтін салалар болуы мүмкін.

Жақын болашақта ЖИ кейбір нұсқаушы (инструктор) қызметтерін, атап айтқанда ақпарат беру және оны меңгеру барысын бақылау функцияларын орындай алатын болады. Дегенмен, ЖИ ғылыми жетекші бола алмайды. Себебі, ғылыми жетекші – тіпті тәжірибесі аз болған жағдайда да – шәкіртке тақырыпты, мәселені және сайып келгенде, өзін-өзі жаңа қырынан көруге мүмкіндік береді. Ал ЖИ мұндай перспективаны ұсына алмайды, себебі оның өмірге немесе әлемге деген өз көзқарасы жоқ. Ол тек өзіне үйретілген деректерге сүйеніп, көпшілік пікірін жалпылайды [4].

ЖИ жаңа ақпаратты өндіре алғанымен, ол адамның ішкі дүниесін толық түсініп, интеллектуалды сұхбат құра алмайды. Білім беру үдерісінің мәні – білім алушыны өзіңе ұқсас етіп қалыптастыру емес, өзгеше, ерекше тұлға қалыптастыруда. Ал ЖИ бұл қабілетке ие емес. Осы тұрғыдан алғанда, ЖИ-ді ғылыми жетекші ретінде пайдалану – пайдадан гөрі зиян келтіруі мүмкін.

Анық байқалатыны – білім беру әлеуметтік институт ретінде елеулі өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер, ең алдымен, «адам–алгоритм» өзара байланысымен және жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын кеңінен қолданумен тікелей байланысты.

ЖИ заманауи жоғары білім беруде оң әсер ете алады және әсер етуі тиіс. Ол оқу нәтижелерін айтарлықтай жақсартып, жоғары оқу орындарына әртүрлі студенттік топтар үшін сапалы білім беруді кең ауқымда ұсынуға мүмкіндік береді.

ЖИ білім беру стратегияларында икемді әрі жекелендірілген тәсілдерді дамытуға жол ашады. Алайда, білім беру жүйесінде ЖИ құралдарын тиімді пайдалану үшін бірқатар нормативтік, әлеуметтік және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу қажет. Сонымен қатар, ЖИ-ді қолдануға байланысты күрделі этикалық мәселелерді шешу қажеттілігі де туындайды.

ӘДЕБИТТЕР

1. Каплан, А., Хенлайн, М. (2019). Жасанды интеллекттің интерпретациясы, көріністері мен салдары туралы. // *Business Horizons*. – Т. 62, №1. – Б. 15–25.
2. Чу Х.-Ч., Хван Г.-Х., Ту Й.-Ф., Ян К.-Х. Жоғары білім беру саласындағы жасанды интеллектінің рөлі мен зерттеу үрдістері: ең көп дәйектеме алған 50 мақалаға жүйелі шолу // Австралазиялық білім беру технологиясы журналы. – 2022. – Т. 38. – № 3. – Б. 22–42. DOI: 10.14742/ajet.7526
3. Хонг У.Ч.Х. ChatGPT-тің шетел тілін оқыту мен үйренуге әсері: білім беру мен зерттеудегі мүмкіндіктер // Білім беру технологиясы және инновация журналы. – 2023. – Т. 5. – № 1. – Б. 37–45. URL: https://jeti.thewsu.org/index.php/cieti/article/view/103
4. Резаев А.В. Жасанды интеллект пен жасанды әлеуметтілік туралы он екі тезис // Қоғамдық пікірді бақылау: экономикалық және әлеуметтік өзгерістер. – 2021. – № 1. – Б. 20–30. DOI: 10.14515/monitoring.2021.1.1894

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-172-174
УДК 372.881.1

ENHANCING STUDENTS'S SPEAKING SKILLS BY MEANS OF HOME READING STRATEGIES

BELYAYEVA ELMIRA PETROVNA
Senior lecturer, Shoqan Ualikhanov Kokshetau University
Kokshetau, Kazakhstan

Abstract: *The article presents the study of the effects of home reading on the development of university students' speaking skills and vocabulary enrichment. The aim of the article is to show the effectiveness of home reading strategies such as summarizing, discussion-based tasks, role-playing, vocabulary journaling, and the shadowing technique in developing speaking skills. The article presents the results of the survey on the students' perception of home reading in developing speaking skills. A survey revealed that most students felt more confident and fluent in speaking English, attributing their progress to the integration of home reading and oral activities.*

Key words: *home reading, speaking skills, vocabulary, foreign language education.*

The development of speaking skills remains a central objective in foreign language education, as oral communication is a key indicator of language proficiency. Learners often encounter limited opportunities to practice speaking in meaningful contexts. Consequently, educators are increasingly exploring strategies that extend beyond formal instruction. One such strategy is home reading, which, while traditionally associated with improvements in reading comprehension and vocabulary acquisition, has also been identified as an effective means to develop speaking skills. Through consistent engagement with written texts, learners are exposed to authentic language use, varied syntactic structures, and a broader lexical range, all of which are essential for effective oral expression. Moreover, in combination with targeted speaking activities home reading provides learning environment that fosters both fluency and accuracy in spoken language. This article examines the role of home reading in enhancing university students' speaking skills, reviewing relevant literature and outlining effective strategies for its implementation within language learning educational programs.

Home reading has long been recognized as a significant contributor to language acquisition and oral proficiency. Recent studies emphasize that reading outside the classroom can enhance students' speaking skills by expanding vocabulary, improving pronunciation, and fostering critical thinking necessary for effective communication.

Krashen's (1982) Input Hypothesis highlights the essential role of comprehensible input – such as that provided by home reading – in language development. According to Krashen, regular exposure to authentic, interesting reading materials helps learners internalize language patterns naturally, which later facilitates more fluent and confident speaking.

Elley and Mangubhai (1983), in The Book Flood Program study, found that students exposed to extensive reading materials at home and school showed marked improvements in oral fluency and communication. Their findings suggest that regular, self-motivated reading supports the development of storytelling and discussion skills.

Nation (2009) emphasizes the importance of repetition and vocabulary acquisition through reading. He states that when students read widely and repeatedly encounter new words in context, they are better prepared to use this vocabulary actively in speech.

Richards and Rodgers (2014), in their work on communicative language teaching, stress the value of linking reading to interactive speaking tasks. These tasks promote processing and reframing of content, enhancing both comprehension and spoken language production.

Day and Bamford (1998) advocate for extensive reading programs that prioritize student choice and engagement. They argue that voluntary reading encourages deeper comprehension and spontaneous verbal expression, which are key factors to speaking fluency.

The present article contains the results of the study that was carried out with the involvement of 11 students at Sh. Ualikhanov Kokshetau University. The study lasted during the autumn semester of 2024-2025 academic year at the Department of the English Language and Teaching Methods, the name of the course Basic Foreign Language B1. The objectives of the study were to determine the effects of home reading strategies to improve students' speaking skills and to collect data on students' opinions and perceptions on applying different home reading strategies.

Students read and analyzed W. Somerset Maugham's The Painted Veil as part of their English language curriculum. As their homework, students were assigned to read 20-25 pages of the novel. The classes focused on enhancing reading comprehension, expanding vocabulary, and developing analytical skills. Particular attention was given to the novel's themes, character development, narrative techniques, and cultural context. Different home reading strategies were applied to encourage critical thinking and interpretation of the text, develop speaking skills, and expand vocabulary:

- Retelling and summarizing
- Discussion-based reading assignments
- Role-playing and dramatization
- Vocabulary journals with oral practice
- Question generation (comprehension and discussion questions)
- Shadowing technique

By the end of the semester a survey was conducted to collect data on students' perceptions of home reading strategies using a Likert scale ranging from "Strongly Agree" to "Strongly Disagree". The aim of the survey was to find out the students' ideas on effectiveness of home reading to develop speaking skills. The survey included the following statements:

1. *Home reading has helped me feel more confident when speaking English.*
2. *Home reading activities have improved my ability to organize my ideas when speaking.*
3. *Retelling or summarizing texts has made it easier for me to speak spontaneously.*
4. *I have learned new vocabulary through home reading activities.*
5. *Keeping a vocabulary journal has helped me use new words more effectively when speaking.*
6. *I enjoy speaking activities based on home reading (e.g., discussions, role-plays, book reviews).*
7. *I would like to continue using home reading to improve my speaking skills.*

The survey results indicate a generally positive perception among students regarding the impact of home reading on their speaking skills and vocabulary enrichment. The majority of participants responded with Strongly Agree or Agree to most of the statements, suggesting that home reading is seen as a valuable and effective component of their language learning process.

11 students (100 %) agreed that home reading activities have improved their oral fluency, confidence, and organization of ideas when speaking. 9 students (82 %) reported the positive effect of home reading on vocabulary growth. They agreed that they had learned new words through home reading and felt more comfortable using them in speech. Additionally, vocabulary journals were reported to be an effective strategy, with many students noting that this tool helped them retain and apply new lexical material. Nonetheless, 2 students' responses (18 %) were *Neutral*, especially concerning the effectiveness of vocabulary journals. This may indicate that some students need more structured guidance on how to use vocabulary strategies meaningfully or may benefit from more personalized vocabulary tasks. 8 students responded positively to discussion-based and creative speaking tasks like role plays and book reviews. These interactive tasks appear to increase engagement and reinforce oral communication. Still, 3 students were less enthusiastic, expressing uncertainty about the relevance or challenge of some tasks, which might reflect different learning preferences or difficulties with specific reading materials. The results show that most students

responded positively, particularly to statements about increased confidence, improved fluency, and enhanced vocabulary. However, a small portion of students selected "Neutral" or "Disagree," indicating that not all learners found the strategies equally effective. Some students noted difficulties in connecting reading with speaking without additional guidance or support.

Overall, the survey findings suggest that students perceive home reading as a productive and engaging method for developing both speaking skills and vocabulary. This supports the integration of home reading activities in language curriculum.

Incorporating home reading into language learning offers a promising and accessible approach to enhancing students' speaking skills and expanding their vocabulary. The strategies explored – ranging from reading aloud and retelling to vocabulary journaling and discussion-based activities – demonstrate that reading can serve as an effective tool to develop speaking.

Survey findings further support the value of home reading, with most students reporting increased confidence, improved fluency, and enriched vocabulary. While some students expressed neutral or less favorable views, these highlight the importance of differentiated instruction, diverse reading materials, and structured follow-up speaking tasks to meet varying learner needs.

Ultimately, when thoughtfully integrated with oral practice, home reading not only reinforces language input but also promotes communicative competence, encouraging learners to engage with language in meaningful and enjoyable ways beyond the classroom. Educators are therefore encouraged to adopt and adapt these strategies to create a more comprehensive and student-centered language learning experience.

1. Krashen, S. D. *Principles and Practice in Second Language Acquisition*. Oxford: Pergamon Press, 1982. – 202 p.
2. Elley, W. B., Mangubhai, F. *The Impact of a Book Flood in Fiji Primary Schools*. Wellington: New Zealand Council for Educational Research, 1983. – 95 p.
3. Day, R. R., Bamford, J. *Extensive Reading in the Second Language Classroom*. Cambridge: Cambridge University Press, 1998. – 232 p.
4. Nation, I. S. P. *Teaching ESL/EFL Listening and Speaking*. London: Routledge, 2009. – 215 p.
5. Richards, J. C., Rodgers, T. S. *Approaches and Methods in Language Teaching*. 3rd ed. Cambridge: Cambridge University Press, 2014. – 328 p.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-175-177

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ҚОЛДАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУ СТРАТЕГИЯСЫ

ХАГАЗБАЙ ҰЛЖАН
2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **ӘБІЛЖАН АЛТЫНАЙ БОЛАТҚЫЗЫ**
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
“Bolashaq” Академиясы
Қазақстан, Қарағанды

Аннотация. *Бұл мақалада әлеуметтік желілердің шет тілін меңгеруге ықпалы мен қазақ тілді қолданушылар үшін тиімді әдістер қарастырылады. Мақалада арнайы топтарға қосылу, мәтіндік және аудиовизуалды контенттерді пайдалану, сондай-ақ танымал блогерлер мен реурстарды қолдану тәсілдері қамтылған. Зерттеу шет тілін үйрену үдерісін жеңілдетуге және мотвацияны арттыруға бағытталған.*

Күнделікті өмірде байқайтынымыз – телефон экранына үңілген адамдар. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін смартфондардың қыр-сырын меңгерген. Соңғы деректерге сүйенсек, еліміздегі 18,9 миллионға жуық адамдар әлеуметтік желілерді қолданады. Олардың 86%-ы сол желілерде бірнеше сағаттап отырады. Байланыс құралынан әркім әртүрлі контенттерді қарайды. Олардың ішінде пайдалысы да, пайдалы емесінің де бары сөзсіз. Қымбат уақытымызды еш қажеті жоқ видеороликтерді қарауға құртқанша, өнімді істерге арнауға кеңес беремін. Мысалы, әлеуметтік желілердің көмегімен шет тілін үйрену.

Қазіргі таңда шет тілін меңгеру қажеттілігі артып, бұл дағды білім алу, мансап құру және халықаралық қарым-қатынас жасаудың маңызды бөлігіне айналды. Дәстүрлі оқыту әдістерінен бөлек, цифрлық технологиялардың дамуы жаңа мүмкіндіктер ұсынуда. Әлеуметтік желілер – тіл үйренудің тиімді құралдарының бірі ретінде ұсынылады.

Зерттеудің мақсаты: қазақ тілді қолданушыларға әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы шет тілін үйренудің тиімді әдістерін ұсыну және психологиялық аспектілер мен статистикалық мәліметтерді талдау арқылы тіл үйрену процесін жеңілдету жолдарын қарастыру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақстандағы шет тілін меңгеру үрдісін талдау және статистикалық мәліметтерді ұсыну;
2. Әлеуметтік желілердің тіл үйренудегі рөлін сипаттау және тиімді платформаларды ұсыну;
3. Қазақ тілді қолданушыларға шет тілін үйренуде кездесетін негізгі кедергілерді анықтау;
4. Қазақ тілді қолданушылар үшін ең тиімді әдістерді жинақтап, тәжірибелік ұсыныстар жасау.

Қазақстанда шет тілін меңгеру деңгейі жылдан жылға өсіп келеді. Stat.gov.kz деректеріне сүйенсек, 2023 жылы халықтың 40%-дан астамы ағылшын тілін қандай да бір деңгейде меңгерген. Сонымен қатар, EF English Proficiency Index 2023 рейтингіне сәйкес, Қазақстан 111 елдің ішінде 80-орында, ал ТМД елдері арасында орташа деңгейде тұр. Аталған деректер біздің елде шет тілдерін үйренуді біршама пайызға көтеру керектігімізді көрсетеді. Ал, әлеуметтік желілер бұл мәселені шешудің заманауи әрі ыңғайлы жолын ұсынады [1].

Әлеуметтік желілер арқылы тіл үйренудің артықшылықтарын қарастыратын болсақ:

1. *Тілдік орта құру*

Тілді жылдам меңгерудің негізгі қағидаларының бірі – оны күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру. Әлеуметтік желілер сізді шет тіліндегі контентпен қоршап, виртуалды тілдік орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мысалы:

- Instagram мен TikTok желілерінде шет тілінде контент жасаушыларды бақылау;
- YouTube-та ағылшын, француз немесе қытай тіліндегі сабақтарды көру;
- Шет тіліндегі топтар мен қауымдастықтарға қослылып, талқылауларға қатысу.

Бұл әдіс жаңа сөздерді есте сақтауға, грамматиканы түсінуге және сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

2. Қолжетімділік және икемділік

Дәстүрлі оқыту курстарына қарағанда, әлеуметтік желілерде оқу тегін немесе арзанырақ болуы мүмкін. Сонымен қатар, уақыт пен орынға тәуелді болмай, кез келген ыңғайлы сәтте тіл үйренуге болады.

3. Әртүрлі оқу әдістері

Тіл үйрену барысында әртүрлі форматтағы ақпаратты пайдалану өте маңызды. Әлеуметтік желілер бұл мүмкіндікті толықтай ұсынады:

- Мәтіндік контент: Twitter, Telegram-дағы хабарламалар, Facebook жазбалары.
- Видео контент: YouTube, TikTok-тан қысқа сабақтар мен шет тіліндегі влогтар.
- Аудио контент: Spotify, Apple Podcasts-тағы тіл үйренуге арналған подкасттар.
- Интерактивті контент: Тілдік ойындар, квиздер, стористегі сұрақ-жауап форматындағы тесттер.

Әртүрлі контентті тұтыну тілді үйренуді қызықты және тиімді етеді.

Дегенмен, қазақ тілді қолданушылар үшін әлеуметтік желілерде шет тілін үйрену барысында бірнеше қиындықтар туындауы мүмкін:

- Қазақ тілінде сапалы тіл үйрететін ресурстарды табу кезіндегі қиындықтар;
- Шет тілін үйренуге арналған материалдардың қазақша түсіндірулерінің жетіспеушілігі;
- Орыс тілін білмейтіндер үшін ағылшын немесе басқа да шет тілдерін үйренудегі қиындықтар.

Әлеуметтік желілерде қазақ тілді қолданушылар үшін арнайы жасалған контенттер мен арналар да бар. Оларда сіз:

- Шет тіліндегі жаңа сөздерді күнделікті ала аласыз;
- Көп қолданылатын сөйлемдер мен сөз тіркестерін жаттай аласыз;
- Жаңа грамматикалық ережелер туралы қысқаша ақпарат жинақтай аласыз.

Жоғарыда айтылған әдістерді қолдана отырып шет тілін үйренуге қазақ тілді қолданушылардың да мүмкіндігі бар. Ең алдымен мақсат қою және жоспар жасау маңызды. Бұл – шет тілін үйренуді әлдеқайда нәтижелі етеді. SMART әдісі бойынша мақсат құру үздік тәсілдердің бірі ретінде саналады:

Specific (Нақты): “Мен бір айда 100 жаңа сөз жаттаймын”.

Measurable (Өлшенетін): “Мен күніне 10 жаңа сөз жаттаймын”.

Achievable (Қолжетімді): “Күніне 30 минут TikTok-та ағылшынша видео көремін”.

Relevant (Маңызды): “Мен ағылшын тілін үйреніп, халықаралық емтихан тапсыруды қалаймын”.

Time-bound (Белгілі уақыт аралығы): “6 ай ішінде B2 деңгейіне жетемін” [2].

Әлеуметтік желілердің шет тілін меңгерудегі басты пайдасы – жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Грамматикалық ережелерді жазу процесі кезінде есте сақтап қалуға болады. Ол үшін не істеуге болатынын келесі тізбектен қарай аласыз:

- Instagram және Facebook-тағы посттарға шет тілінде пікір жазу;
- Threads немесе Twitter-де күнделікті 1-2 сөйлемнен тұратын твиттер жазу;
- Reddit немесе Quora сайттарындағы сұрақтарға жауап беру;
- Жеке блог немесе күнделік жүргізу.

Тілді меңгеру тек оқу және жазумен шектелмеуі керек, сөйлеу дағдыларын да дамыту қажет. Американдық лингвист Стивен Крашеннің идеясы бойынша белгілі бір тілді үйренудің екі жолы бар: біріншісі – табиға жолмен (қоршаған ортада сөйлеу арқылы), екіншісі – формалды оқыту арқылы. Әлбетте, біріншісі тиімдірек. Сол себепті үйреніп жатқан тіліңізде сөйлеуді күнделікті күн тәртібіңізге енгізу маңызды. Нақты қазақ тілді үйренушілермен сөйлесу үшін – Telegram, Discord немесе Clubhouse-тағы тілдік чаттарға қосылу керек. Ал Instagram stories арқылы өзіңіздің күнделікті өміріңізді сипаттау барысында шет тілінде сөйлеуді жаттықтыруыңызға болады.

Білім алудағы ең басты құрал – ресурс және материал. Әлеуметтік желілердегі қазақ тілді қолданушыларға арналған пайдалы ресурстарды ұсына кетсек (ағылшын тілін үйренушілер үшін):

YouTube арналар: Jetil KZ, Sotis English, Zhanibek Ussenbek, Ayazhan Kozhakanova.

Instagram және TikTok аккаунттар: @rustemeng, @qalau.agai, @akbota_kabdrakhmanova, @jiger_tv, @sq.english.

Telegram арналар: Fluent Future, Ағылшын тілі| ҰБТ| IELTS.

Қазақ тілді қолданушылар үшін әлеуметтік желілердің мынадай нақты тиімділіктері бар:

Ең бірінішіден, қазақша түсініктемелердің болуы – шет тілін оңай қабылдауға көмектеседі. Екіншісі, жергілікті контенттің қолжетімділігі артуда. Қазақ тілінде жазылған шет тілін үйрену ресурстары көбеюде. Тағы бір тиімділік – қазақ тілді топтарға қосылып, тәжірибе алмасу мүмкіндігі бар. Және ең бастысы – бюджетке тиіміділік. Офлайн курстар мен репетиторларға қарағанда тегін немесе арзанырақ оқу мүмкіндігін қарастыруға болады.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер – қазақ тілді қолданушылар үшін шет тілін үйренудің қолжетімді әрі тиімді жолдарының бірі екенін айта аламыз. Дұрыс стратегияларды қолдана отырып, әр қолданушы кез келген шет тілін меңгеріп, оны күнделікті өміріне енгізе алады [3,4,5].

Ұсыныс: Әрбір оқырманға әлеуметтік желілердің тіл үйренудегі рөлін өз тәжрибесінде байқап көруге кеңес беремін. Бастысы – тұрақтылық пен қызығушылық!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Krashen, S. D. (1982). Principles and Practice in Second Language Acquisition. Pergamon Press.
2. Nation, I. S. P. (2001). Learning Vocabulary in Another Language. Cambridge University Press.
3. EF English Proficiency Index 2023 – https://www.ef.com/wwen/epi/
4. https://search.app/pb7zdhVrHvAxBuEr8 - Қазақстандағы интернет қолданушылары туралы статистика.
5. https://search.app/ydByrx3rzYqMvRJeA - Тіл үйренуде интернет ресурстарын тиімді пайдалану жолдары.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-178-182
UDC 371.314

DEVELOPING ENGLISH LANGUAGE COMPETENCIES THROUGH THE USE OF DIALOGIC TEACHING

САЛЕНКО ЛЮДМИЛА ЛЕОНИДОВНА
старший преподаватель кафедры «Германо-романская филология»
НАО «Северо-Казахстанский университет им. Манаша Козыбаева»
Петропавловск, Казахстан

Annotation: *Modern English language teaching needs provide for productive learning focused on dialogue, in which all subjects of educational activity participate. The potential of dialogue in the process of teaching English has not yet been fully revealed and requires wider use in practice, so it is important to identify a new organization of teacher-student collaboration, which develops the idea of cognitive activity and independence of students. As a result of the research, promising tools of dialogic learning are presented: question-and-answer organization of cognitive activity, educational dialogues, group discussions of a problem, and a pair form of interaction. The research materials can be used in the practice of secondary and higher education.*

Key words: *dialogic teaching, communicative, interactive, types of conversations, educational process, effective, motivate.*

The importance and role of foreign languages, English in particular, is increasing every single day. The English curriculum takes a broad view of the range of communicative language competencies needed to negotiate communication with flexibility in a variety of contexts. Learning objectives are thus expressed through the language, skills and content strands of the English curriculum as they relate to both more general social language contexts and cross-curricular academic learning contexts in English. At present we have a number of methods of learning foreign languages. The development of modern technologies facilitates the whole process, so that we can use not only books and dictionaries, but also various sources of information. The key point here is to find the most effective ones. Since learning languages involves not only acquiring vocabulary and grammar but also communication, speculation, giving feedback to the partners it is important to choose the most appropriate method that will definitely help master the language. For better understanding and processing new information, it would be more efficient to use dialogue in learning foreign languages. The article presents the multidimensionality of dialogue in the educational process, which emphasizes the image of a person, their subjectivity and individuality in the context of dialogue interaction. The potential of dialogue in the process of addressing culture as a transformative human activity is determined. Dialogic learning implements several functions in modern education that ensure the versatile development of a personality, its creative self-expression: educational, developmental, the function of dialogic interaction. Dialogic teaching is an approach that places meaningful dialogue at the centre of the learning process. The research shows that it is not only viewing talk as a simple means of delivering information, but dialogic education also treats conversation as a powerful tool for cognitive development. With the help of fostering student interactions and also encouraging multiple perspectives, this particular approach helps learners build up knowledge together but not passively receive it. Here we have the opportunity to fulfill real-life situations, not only receive but also give information, develop our communicative skills, share our thoughts and opinions on a particular topic.

In the given article it is supposed to present the main stages of the research. The object of it is dialogic learning as a means of developing language competencies, its subject is the methodology of teaching English language through meaningful dialogues The aim of the research is to analyze and explore the effectiveness of dialogic learning of languages, to find the main advantages of this approach providing theoretical justification, to identify the resources of dialogic learning in terms of

addressing the student's personality and the interaction of subjects of cognitive activity in the exchange of information, the active appropriation of methods of intellectual and practical work.

The objectives of the study are

-to analyze the theoretical foundations of the dialogic approach

-to find its main advantages

-to compare the traditional learning and the dialogic approach

-to point out modern frame of the dialogic teaching

Dialogic learning is learning that takes place through dialogue. It is typically the result of egalitarian dialogue; in other words, the consequence of a dialogue in which different people provide arguments based on validity claims and not on power claims [1] Dialogic learning implies the development of all language competencies and is an effective way of acquiring knowledge. Teachers and students do the collaborative work and improve their skills by using this pedagogical approach. The main focus is on informational and emotional exchange where both students and teachers are involved. A new approach comprises understanding of the whole process of teaching as a set of talks of different levels. Dialogical conversations have to be an essential part of modern teaching. They can be divided into debates, cumulative conversations and research discussions.

The significant advantage of this method is that it allows to perform and act with the support of peers, which is very important, as it provides a friendly atmosphere and understanding. The language development increases due to classroom engagement and collaborative work of teachers and students. Their ideas are built actively and thoughts are expressed freely. The approach is effective also for teachers as it provides the development of competencies and skills, which encourage further professional development. Mercer and Littleton have shown that dialogue in the classroom can contribute to the intellectual development of students and their learning performance. [2] Dialogue should be present at all stages of the lesson, starting with the psychological attitude to the lesson, ending with reflection. To do this, you need to work on your speaking skills. According to Mercer's research, conversation is an integral part of student learning. He distinguishes between three types of conversation in which subjects are involved: a debate conversation, a cumulative conversation, and a research conversation. A dialogue is not just a conversation on a specific topic, but a problematic conversation in a group: student—student, teacher —student, student—teacher. The purpose of dialogic conversation in the classroom is to teach students to work in groups, listen and hear each other, be able to analyze and synthesize, because without these components, collective activity and, as a result, the product of such activity is impossible.

Language competencies are developed by mutual evaluating and giving feedback. For instance, dialogic reading: a lot of researchers have found that dialogic reading is an effective teaching approach which facilitates the language learning. This kind of reading involves an adult and a child when a child is encouraged to use complicated and elaborate language. The adult supports and helps the student. An essential moment here is that the dialogical reading encourages the use of various types of questions for students' participation. A teacher prompts children to use target language for describing an image. An adult gives constructive feedback, evaluates and gives advice for further activity. Besides, a teacher enriches students' answers by inserting alternative phrases or language components. This approach improves the oral speech in target language as it uses illustrations, repetitions, explanations. The natural manner of using oral speech provides an efficient way of improving speaking skills.

The use of oral speech contributes to the expansion of vocabulary. Knowledge of vocabulary allows children to decipher words or compare spoken sounds with words in printed form. If students read words that they already have in their receptive vocabulary, it will be easier for them to pronounce, read and comprehend them. Moreover, they will manage to understand what they are reading.

Undoubtedly, dialogic teaching requires intentional design. Teachers create multiple learning practices which support open-ended questioning, encourage challenge and reasoning, and ensure that all voices are heard. Different forms of classroom talk like debates, peer discussions or guided

reasoning help develop students' speaking skills, giving them more confidence to express their ideas and comprehend the thoughts of others. Such a process strengthens not just knowledge acquisition but also students' critical thinking and problem-solving abilities noticeably.

When planning training to improve oral speech, teachers should be able to analyze the current knowledge and abilities of students and take them into account when planning lessons. Teachers are focused when they give clear learning aims for children. Teachers who are competent in the interaction with students make learning cheerful, involving, and encourage students to use and develop their speaking skills outside the classroom. The improvement of oral speech and vocabulary are directly related to reading apprehension. Teacher questioning has become extremely important in the present frame.

To provide challenge and engage learners with lesson content, teachers at all levels will use a rich variety of questioning techniques which include a mixture of convergent, divergent, display, referential, probing, concept and procedural questions. The use of questions in open class and plenary forums, as well as the careful staging of questions in group inductive, deductive and guided discovery task frameworks will provide learners with opportunities to develop an increasing curiosity and awareness about English as a subject and different ways of living and thinking, and a deeper and more informed understanding of their own cultural values and traditions as a result.

Every year new modern ways of learning appear. It is obvious that old techniques are becoming not efficient and are losing their value. The traditional learning implies the approach, where learners receive data, answer the questions of a teacher, the student here is a passive receiver of information. Traditional approaches were aimed not at the interaction between students but only at giving answers to a teacher and completion of exercises. Such kind of work didn't encourage and motivate students. It was an activity which didn't activate all the opportunities that a child could have. Unlike traditional learning of foreign languages, dialogic learning provides students with all the necessary components which will expand the learning opportunities of every student. [3]

Teaching free communication in a foreign language involves teaching three aspects of it: 1) communicative; 2) interactive; 3) perceptual. In modern methodology, there are certain models of speech communication, the most important of which is the communicative situation, a certain system of interacting factors (real and imaginary) that encourage participants to communicate and determine their speech behavior. The communicative situation includes a dialogue.

Dialogic interaction implies the presence of two or more participants in communication, thus, dialogic speech is the result of a mutual exchange of speech. Each of its participants dictates their own terms of dialogue to one degree or another, choosing the most interesting topics for him and trying to miss unimportant information. Consequently, it can be concluded that dialogic interaction can be afferent in nature. The spontaneity of this type of speech activity explains its dissimilarity, when one of its participants is most active, and the statements of the second are the product of a reaction. An example of this can be interviews or various types of surveys. Modeling of such types of dialogic interaction often occurs when students develop the skills of conducting a dialogue in a foreign language, because such tasks arouse students' interest and encourage them to act. In addition, there is a balanced dialogue, where the utterances of each of the participants replace each other, as well as a dialogue-discussion. In addition to the need for two or more persons to participate in the dialogue, another important factor is the change of speakers, the resulting important aspect is the constant change in the speech situation, the development of events. The absence of any plan for this type of speech interaction distinguishes it from a monologue. In addition, the language situation may change due to such factors as non-verbal means of expression, namely gestures, facial expressions, as well as intonation. [4] In order to find the most acceptable approach to teaching dialogic interaction, it is necessary to consider the main problems faced by students and teachers. The first obstacle may be the emotional anxiety of an individual student, and the teacher should pay attention to this firstly. However, this is not the only problem, often students do not have a set of social skills of dialogic interaction, even in their native language. In this case, it is necessary to constantly guide and correct the student, helping him to open up and overcome the emotional barrier. And if the student does not

have sufficient knowledge of the information on the topic on which he is invited to conduct a conversation, it is advisable to offer him an alternative topic of conversation. The most important factors that should be taken into consideration when teaching speaking are the conditions for stimulating and generating speech. To motivate oral interaction and spoken answers among students, visual description is an valuable way to encourage students to respond orally. This method allows students to express thoughts without worrying about syntax, grammar and pronunciation. This involves students in meaningful interaction in a small group situation. Small groups provide students with practice in non-stressful environment before having students to stand in front of the whole class. This activity allows having an environment for little conversations. Children who know the meaning of a word and use it verbally in speech will comprehend the sounds contained in this word more easily than those who do not understand this word. So, the students who often participate in conversations have a greater impact on the development of language, especially oral vocabulary. [5]

Working in groups, students realized that this form of work promotes the development of skills together, performs tasks together, forms skills of mutual control and self-control. Working in groups can be more productive than working individually. This is where each other's education takes place, opinions and ideas are exchanged. Children begin to develop an interest in creativity, cognitive activity develops, and activity increases. When completing such tasks, students learn to reflect and reason. I think that students should be given more responsible tasks, as this helps increase activity, motivation, and responsibility to the class. In my teaching practice, I use a systematic structuring of lessons with the integration of questions corresponding to the types of thinking according to Bloom's taxonomy, which contribute to the formation of an active educational dialogue. For the successful realization of these goals and objectives, constant self-education and self-improvement are necessary.

Choosing the words to teach requires some planning on the part of the teacher. This is the most significant side of learning. The word selection criteria may involve words that children are less likely to learn by themselves or are less likely to be identified. The teacher defines the keywords and in advance selects the conceptual vocabulary shown by the images that are intended for teaching. Teachers must make sure that the pictures are clearly determined visually and are of the proper level for students. The teacher looks through vocabulary words with the class to be sure they understand the words before the lesson begins. In addition, teachers need to figure out the strategy with the class, explaining to them how the strategy works before starting to work individually. The teacher chooses a card with a right image and describes the subject or concept, not showing the picture to children. Students will manage to predict the name of the object in the picture based on the teacher's assumptions. [6]

The main condition for the use of situational methods of teaching speaking in foreign language lessons is the relevance of the situations themselves, i.e. their significance for students. In addition, the situations should correspond to the age and abilities of the trainees. In order to avoid problems arising in the process of communication in a non-native language, it is necessary to clearly identify the topic of interaction, specify the roles of its participants, as well as certain conditions for conducting a discussion. At a more advanced stage, as, for example, when studying a foreign language at university, a standard dialogue type of "question - answer" or "expression of consent - disagreement" will not be enough. In this case, it will be necessary to draw up a detailed bilateral act of speech in which each of the participants will express their attitude to the problem, trying to convey their point of view to the opponent. Only when this scheme is brought to automatism, it will be possible to talk about the formation of students' communicative competence. This does not mean that students should use only memorized cliches, they should experience the mechanisms of communication directly in a foreign language. To do this, they will have to cross a certain emotional barrier, and this will become possible only if the priority of each lesson is teaching speaking and, in order to develop communicative competence, it is impossible to fully master the skills of conducting dialogic interaction.[7] Doing our research we can state that dialogic approaches to education as a rule involve dialogue in the form of face-to-face talk with questioning and exploring ideas within a certain dialogic space but they can also encompass other cases where definite signs are exchanged

between people, for example it can happen through computer communication. So, dialogic approaches don't have to be limited only to classroom-based talk. In teaching via some shared dialogic space, dialogic education draws students into the co-construction of shared knowledge by asking questions and building on dialogue rather than simply learning a set of facts.

In conclusion, it is important to admit that dialogical teaching is an advanced method of learning foreign languages. By using it we support, evaluate, encourage each other. Giving and receiving feedback is crucial in every aspect of learning. Dialogical teaching has a lot of advantages. It provides with a friendly surrounding, understanding and motivation. It is very important to have real-life situations, which will provide an appropriate feeling while having a conversation. Through dialogic learning it is impossible not to find something useful and entertaining. Students and teachers share their experiences and thoughts on a particular topic. It involves human interaction and communication, consequently, it reduces stress. As a result of the study we can prove that meaningful discussions enhance learning and develop problem-solving skills, exploratory talk builds understanding and leads to cognitive development, structured classroom talk improves outcomes as properly designed dialogic practices provide critical thinking, engagement, and long-term retention.

REFERENCES

1. Kincheloe, Joe L.; Horn, Raymond A., The Praeger Handbook of Education and Psychology. Praeger.,2007. P. 552
2. Mercer N. and Littleton K. "Dialogue and development of thinking", 2007. A guide for teachers of the second (basic) level, third edition Astana- 2014
3. Catts, H.W., Fey, M. E., Tomblin, J. B., & Zhang, X. A longitudinal investigation of reading outcomes in children with language impairments, 2002. P.142-157.
4. Guilford de Oliveira, Luciana C. Teachers experience the needs of English language learners through a math simulation. Multicultural Education, New York, 2011. P. 59-62.
5. Lyle, S. Dialogic Teaching: Discussing Theoretical Contexts and Reviewing Evidence from Classroom Practice. Language and Education, Washington, DC, 2002. P. 222-240.
6. Storch, S.A. & Whitehurst, G.J. Oral language and Code-related precursors to reading: evidence from a longitudinal structural model. Developmental psychology, Columbia University, 2002. P. 234-247.
7. Haneda, M., & Wells, G. Learning an Additional Language Through Dialogic Enquiry. Language and Education, 2008. P. 114-135.

DOI 10.24412/2709-1201-2025-31-183-188
ӘӨЖ 91:37.096.3

ГЕОГРАФИЯ КУРСЫН ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУДЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

НУРТАЗИНА ТОРГЫН АМАНКЕЛДИЕВНА
ЖЕҢІСБЕКҰЛЫ АЙБОЛАТ
МОЛДАБАЙ ІЛЕСБЕК БЕРІКҰЛЫ
ТҮРКЕСТАНОВ ЕСТАЙ ҚАЙРАТҰЛЫ
С.Аманжолов атындығы Шығыс Қазақстан мемлекеттік
Университеті магистранттары
Өскемен, Қазақстан

Аңдатпа: *Бұл мақалада география курсын экологияландырудың тарихи негіздері қарастырылады. Экология ғылым саласындағы зерттеген ғалымдардың еңбектері сараланған. К.Н.Благосклоновтың, Н.А.Гладковтың, А.Н.Захлебныйдың, А.Н.Зверевтің, Б.П.Иоганзеннің, И.С.Матрусовтың, Е.С.Салестинаның, И.Т.Суравегинаның және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінен мысалдар келтірілген. Мақала педагогтерге тәжірибеде қолдануға бағытталған ұсыныстар ұсынады.*

Кілт сөздер: *География, экология, қызығушылық, табиғат, білім беру технологиялары, цифрлық ресурстар, интерактивті карта, ойын технологиясы, жобалық оқыту, инновациялық тәсілдер, сабақта қолдану, оқушы белсенділігі.*

Табиғат – адам тәрбиешісі. Оның құрамдас бөлігі болып саналатын өсімдіктер мен жануарлар әлемі биік таулар мен сарқыраған өзендер, кең дала барлығы да адам баласына ой салып, денесіне қуат, бойына күш, көңіліне шабыт беретін. Жастарды экологиялық білім мен қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу, жалпы тұлғаның ой өрісін дамытудағы педагогикалық бағыттардың бірі болып саналады [1].

Адамзат баласына географиялық және экологиялық білім мен тәрбие берудің маңыздылығы IX-XV ғ.ғ Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, М.Қашқари, С.Бақырғани тағы басқа шығыс ғұламаларының тіл, этика, психология, метафизика, тағы басқада ғылымдары жайлы жазбаларында көрініс тапқан. Сонымен қатар халқымыздың ұлы ағартушы ғалымдары, ақын, жазушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, М.Дулатов, Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде де табиғатқа деген сүйіспеншілік көшпенді елдің өмірімен ұлттық әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыстырылып берілген. Біздің тәрбиеміз сол салт-дәстүрден, ананың ақ сүтінен, әлдилеген, ұлылардың ұлағатты сөздерінен бастау алады:

Әл-Фараби: «Тиянақты білім аламын десең, табиғаттың ұлы кітабын оқы», - деген табиғаттың құдіреттілігін білдіретін сөзі бүгінгі күнге дейін мәнін сақтап келеді [2].

М.Жұмабаев: «Табиғат – адам баласын дүниеге келтіріп, бойындағы бар махаббат мейірі мен шұғылалы шуағын жүрегімізге ұялатқан ана» деп табиғат – ана жайлы өзінің терең толғанысын білдіреді.

А.Байтұрсынов: «Біздің көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі-не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе».. дей келе, өзімізді қоршаған ортадағы тіршілікті сақтау адам баласының қолында екендігін ескереді.

Ш.Уәлиханов: «О, Табиғат! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, одан құпия не бар?» деген сөздері табиғат сұлулығына, кереметтілігіне және оның түсінікті – түсініксіз жұмбақ құбылыстарына таңданысын байқатады.

А.Құнанбаев: «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың парыз» деп өскелең ұрпаққа өзін қоршаған айналасындағы әрбір жақсы игілікті әрекетке жауапкершілікпен қарап, оның қарымын қайтаруды ұмытпауды, онымен үнемі санасудың қажеттілігін міндеттейді [3].

Ғалым-эколог И. Зверевтің пікірінше, экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаты мен мәні қоршаған ортамен, табиғатпен карым-катынастың барлық түрлерінде оқушылардың жауапкершілікпен карайтын көзқарасы мен сенімін қалыптастыру

Ал А. Захлебный экологиялық білім берудің барысында коршаған ортаға құқық нормалары мен моральдік ұстанымдарынан туындайтын жауапкершілік, қатынастың негізінде экологиялық мәдениетін қалыптастыруға болатынын айтады.

М. Сарыбеков болашақ мұғалімдерді оқушыларға экологиялық білім беру ісіне даярлауда қоғамдық саяси-әлеуметтік және арнайы педагогикалық-психологиялық даярлаудың бірлігін анықтап, оны іске асырудың жолдарын көрсетіп берді.

Э.Тұрдықұлов экологиялық білім мен тәрбие беруде оқушыларды табиғатты пайдаланудың ғылыми негіздері жөнінде сенімін, өмірлік дағдыларын, табиғат ресурстарын қорғау және молайту саласында белсенді көзқарастар тудыруға қажет білімді қалыптастыратын психологиялық үрдістерді талдайды [4].

Жас ұрпақта өмір тәжірибесі, мейірбандық, жауапкершілік, табандылық осы табиғаттың сұлулығы, пәктігі арқылы қалыптасуы шарт. Сондықтан да ата-бабаларымыз өз ұрпақтарына халқымыздың салт-дәстүрін, өмірге қажетті біліктер мен дағдыларын мұра етіп қалдырғанда, олардың бойында туған жерге, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік сезімді тәрбиелеу мұратын көздеген. Демек, табиғатқа жанашыр болу адамзаттың өз келешегіне, болашағына жанашырлық жасауы.

Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оның көзінің қарашығындай сақтап келуі жайында ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал-мәтелдер, нақыл сөз, аңыз, әңгімелер арқылы жетіп отырған. Сондықтан әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп, оны тиімді пайдалана білуі тиіс.

Бүгінгі жер тағдыры – ел тағдыры болып отырған кезде, табиғатта болып жатқан дағдарыстан туған зардаптар әбден асқынған уақытта, біз өзіміз қаласақ та, қаламасақ та ата-бабаларымыздың атамекен, туған жер топырағы туралы түсініктеріне, таным-талғамдарына ой жүгіртеріміз сөзсіз. Халқымыз қасиетті, қастерлі жер-суларды «Әулие бұлақ, әулие ағаш», дегендей құрметтеп, қорғап, көздің қарашығындай сақтай білген, әсіресе, «Бұлақ көрсең көзін аш», «Сусын ішкен құдыққа түкірме» сияқты ұлағатты сөздер немесе «Қаратауларың бұзылмасын, саялы ағашың сынбасын, қанаттарың қайырылмасын» – деген туған жерін, елін, табиғатын аялау жайлы орны ерекше. Халық даналығы балабақшадан бастау алып, табиғат туралы өнегелі, ұлағатты аталы сөздер, жыр-аңыздар айтыстарда айтылған ойлы пікірлер, қысқа айтқанда халықтың рухани мол мұраларын жастарға экологиялық тәрбие берумен экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеуде тұғырлы негіз болады [6].

Болашақ ұстаздарға география сабағында экологиялық білім беруде белгілі педагогтар, ғалым-әдіскерлер В.П.Вахтеров, Е.Н.Водовозов, Д.Н.Тихомиров, т.б. табиғат жайлы білім берумен қатар, табиғи құбылыстарды сезіне білуге, өзіндік ерекшеліктерін ажыратып қорытынды жасауға үйреті, сөйтіп олардың бақылампаздық әдет-дағдыларын, іс-әрекеттерін ұйымдастыруда мұғалімдердің басшы рольдерін анықтап берген еді.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы – отызыншы жылдары табиғатты қорғау, аялау, сақтау қажеттіліктерін жастардың бойына сіңіру жолдарын, онымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін баса айтқан кеңес мемлекетінің педагогтары бұл мәселеге ерекше көңіл бөлді. Мысалы, Н.К.Крупская мектептерге оқу бағдарламаларын құрғанда жаратылыстану пәндерінің кейбір мазмұндары қоршаған табиғатты дұрыс түсінуге негіз қаланатын оқулықтар жазу керектігін және мұғалімдерге ақыл-кеңес бергенде оқушылардың өмір тәжірибелерін ескеруді талап еткен [7].

Отызыншы жылдары биология, география пәндерінің оқу бағдарламаларына табиғат қорғау жайлы білімдерді кеңес мемлекетінің оқу жүйесіне енгізу тарихында, экологиялық білім мен тәрбие беру ісіндегі алғашқы жұмыстары мектеп оқу-тәрбие үрдісінің бір қадам алға жылжуы деп есептейміз. Сол жылдары табиғатты қорғау түсініктерін қалыптастыру,

табиғатты қорғауға тәрбиелеу идеяларын П.В.Островский, П.Ф.Каптерев, М.М.Рыбников, т.б. өз еңбектерінде кеңінен өрбітті.

Сонымен, өмірдің өзі көрсеткендей білім беру жүйесінде «Табиғатты қорғау шаралары» біртін-біртін «Табиғатты қорғауға» байланысты жұмыстармен сабақтасып, алдымен білім берудің керектігін, содан кейін табиғат қорғау тәжірибелерін дамыту істерімен ұштастыруды талап етті.

Ал, 1950-60 жылдар аралықтарында экологиялық білім беру табиғат қорғауға тәрбиелеу мәселесінің құрамында қарастырылады.

Алпысыншы жылдардың соңында Кеңес мектептерінде жаңа бағдарламалар негізінде оқулықтар жазылып, «Табиғатты қорғау шаралары», «Табиғатты қорғау жөніндегі білім беру туралы ұғымдар» енгізілген болатын. Бірақ, жаңа оқулықтар мен бағдарламалар мазмұндарындағы айтылып отырылған ұғымдар, түсініктер адам және қоғамның табиғатпен қарым-қатынастары жайлы беретін мағлұматтар байланыссыз, жүйесіз беріле бастады.

Әрине, ондай экологиялық білімдер қазіргі өмір талабына сәйкес емес, ғылыми негізде құрылмаған еді. Солай болса да, мектеп практикасында экологиялық тәрбиенің қажеттілігі жайлы Ресей педагогы В.А.Сухомлинский балалардың бойында табиғатқа сүйіспеншілік сезімін дамытуды ешнәрсеге айырбастуға болмайтынын тәрбиенің негізі деп есептеген. «Табиғат, жер табиғаты – бұл жәй кішкентай өсетін және жер бетінде алғаш қадамдарын жасайтын орта ғана емес, он мыңдаған өте жіңішке тамырлары қуат алып, шырынын бұтақтары мен жапырақтарына тарататын құдіретті адам – ағаштың өркен жаятын ортасы» – деп эмоциялық тұрғыдан анықтама берген.

Жоғарыда айтылып кеткен ұлы ағартушылар мен педагог-ғалымдардың табиғатты қорғау, оған деген жанашырлық сипаттағы наным-сенімдерін қалыптастыру мәселелері Кеңес үкіметі кезеңінде бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналмаған болатын. Сонда да болса олар, табиғат арқылы жасөспірімдердің табиғатты қорғау, аялау, соның барысында ішкі жан сұлулығын дамыту, ізгілікті ұлтжандылық ниеттерін қалыптастыру мақсат міндеттерін көкейтесті мәселе ретінде қоя білді.

Табиғат қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану көп аспектілі (тарихи, саяси, әлеуметтік-экономикалық, медициналық және т.б.). солардың ішіндегі ең маңыздысы-педагогикалық аспекті. Алғаш рет ғылыми әдебиетттерде табиғат қорғауды педагогикалық проблема деп көрсеткен профессор В.Н.Скалон «Гүлденген, бай табиғат – арман емес, бұл шындық, бірақ оны сақтау көбіне бізге, біздің балаларымызды тәрбиелеу іскерлігімізге байланысты» – деген болатын. Сол сияқты «Баланы жастайынан тірі затты аяушылыққа дағдыландыру керек, мейлі, ол жануар болсын, мейлі ол өсімдік болсын», – деген еді. Ғалымның бұл ойы К.Н.Благосклоновтың, Н.А.Гладковтың, А.Н.Захлебныйдың, А.Н.Зверевтің, Б.П.Иоганзеннің, И.С.Матрусовтың, Е.С.Салестинаның, И.Т.Суравегинаның еңбектерінде тереңінен жалғасын табады. XX ғасырдың 70 жылдардың басы студенттерге экологиялық білім берудің жаңа әдістерін ұйымдастырудың кезеңі болды. Осы кезеңге дейін, Е.С.Салестинаның көрсетуі бойынша: мұғалімдерді даярлаудағы экологиялық білім беру жүйесі көп жылдар бойы эмпирикалық сипат алып келді. Студенттерге экологиялық білім арнайы курстарда, арнайы семинарларда, факультативтерде оқу процесінде беріледі [16].

Тек, 1970 жылы бұрын кеңес одағының жоғарғы оқу орындарында биология-химия және жаратылыстану-география факультерінде «Табиғат қорғау» лекциялық курсы енгізілді. Студенттерді табиғат қорғауға даярлау туралы Еуропаның табиғат қорғау ағарту саласының жұмысшылар конференциясы мынандай қорытындыға келді: «Мұғалімдерді даярлау қоршаған орта туралы ағарту бағдарламасының негізгі аспектісі екенін мойындаймыз және мынадай ұсыныстар ұсынамыз», олар:

1) мұғалімдердің даярлау өзінің бағдарламасына экологиялық негізгі түсініктері және мұғалімдерге әлеумет және оның адам экологиясымен байланысы туралы білімді жеткілікті түрде беруді енгізу;

2) мұғалімдердің оқушыларға қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырудың дағдыларын игеруі;

3) қоршаған ортаны сақтау мұғалімдерді даярлаудың негізгі аспектісі болып табылады және ЖОО алынған білім одан әрі профессоналдық іс-әрекеттерінде жалғасын табуы;

4) барлық болашақ мұғалімдердің педагогикалық әдістерді қолдана және бағалай білуі болып табылады.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің кешенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оның теориялық негізін талдауда И.Д.Зверев (1974), А.Н.Захлебный (1981) табиғат қорғау туралы білім берудің мақсат-міндеттерін анықтаса, жалпы орта білім беретін мектептердегі биология, география, табиғаттану пәндерінің С.Матрусов (1976), Л.П.Саллево (1978), И.Т.Суравегина (1980) табиғат қорғаудан білім беру ерекшеліктері мен құрылымын сараласа, география пәні арқылы экологиялық білім берудің әдісі мен түрін Н.Н.Родзевич (1994) т.б. қарастырды. Сондай-ақ, болашақ мұғалімдерді таиғат қорғауға даярлаудың негізгі міндеттерін И.Д.Зверев қалыптастырды. Ол педагогикалық жоғары оқу орыны студенттерінің азаматтық парыз туралы санасы мен сезімін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау- жалпы мемлекеттік іс екенін, халықаралық маңыз алатындығын айқын түсінісуі, мұғалім – оқушылардың «табиғатты қорғау» адам пайдасы үшін керек деген сенімін қалыптастыру, екенін айта келіп: «Болашақ мұғалімдерді табиғат сүюші және қорғаушы, оны сақтау үшін күресуші және оның байлығын көбейтуші ретінде тәрбиелеу» деп көрсетеді. Болашақ мұғалімдердің оқушыларға экологиялық тәрбие беру ісінің білімі, іскерлігі мен дағдыларын меңгеруін талап етті.

Е.С.Салестина болашақ мұғалімдерді оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру ісіне даярлауда қоғамдық-саяси, арнайы және психологиялық-педагогикалық даярлаудың бірлігін анықтады.

Ендігі бір еңбектерінде, табиғат қорғауда білім берудің негізгі принциптері мен формаларын Б.Г.Иоганзен, Н.А.Рыков зерттеп келген. Б.Г.Иоганзен психологияның классикалық жағдайына сүйене отырып, адам іс-әрекеті мотив, мақсат және амал-тәсілдермен іске асады және осының негізінде студенттерді экологиялық даярлауда оқытудың құндылық-себеп тәсілінің негізін қалады. Оның зерттеуіне сай, мұғалімдердің экологиялық квалификациясы табиғат қорғау мотивтерін басқару іскерлігімен анықталады. Олар: гуманистік, эстетикалық, ғылыми-танымдық, экономикалық.

Ал, мұғалімдер іс-әрекетінің қызықты профессиограммасын Н.А.Рыков пен А.И.Щербаков дайындады. Оның негізінде педагогикалық әрекеттердің жетекші функциялары – информациялық, дамытушылық, ұйымдастырушылық, зерттеушілік өзара байланысқан бірыңғай құрылым болашақ мұғалімдерді экологиялық даярлауда пайдаланылады.

В.Е.Янушевский: «мұғалімдер квалификациясы табиғат қорғау облысындағы қоғамдық – саяси және профессоналды-педагогикалық белсенділіктермен сипатталады» – дей келіп, студенттерге экологиялық үздіксіз білім берудің схемасын көрсетті.

Оқушыларға экологиялық және табиғат қорғау туралы білім берудің ең келісімді жолдары Я.И.Рабаевтің зерттеулерінде ашылады. Ол мұғалімдерді табиғат қорғауға даярлаудың маңызды компоненттерін төмендегідей анықтайды: а) қоғамдық идеологиялық аспектілерін меңгеру; б) жаратылыстану пәндерін оқу барысында табиғат қорғаудың ғылыми негіздері мен практикалық дағдыларын меңгеру; в) табиғат қорғауға даярлауда оқытылатын арнайы курстардың тереңдетілуі, жүйелілігі және интеграциялау; г) қоғамдық табиғат қорғау қызметтері; д) табиғат қорғау саласындағы зерттеу жұмыстары және табиғат қорғау туралы білім.

М.Д.Зверев, И.Т.Суравегина, А.Н.Захлебный, Т.В.Кучер, М.Н.Сарыбеков және басқалары экологиялық білім беру мәселесін жеке пән ретінде оқытуды оқушыларға берілетін білімдер мектепте бірдей шешілуі мүмкін емес, қайта интегралды түрде пәнаралық байлныстарды ғана біршама алда тұрған міндеттерді іске асыруға болады деп есептейді. Яғни,

әр түрлі пәндерді оқытуда табиғатты қорғауға қатысты көзқарасты, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың мүмкіндіктерін ашуға талпынады.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің жолдары, мүмкіндіктері және пәндер бойынша зерттелгенін айта кету керек. Мысалы, табиғаттанудан – Е.Д.Гринева (1983), М.Н.Сарыбеков (1984), химиядан – В.М.Назаренко (1985), физикадан – Н.М.Масиков (1988), географиядан – Э.А.Тұрдықұлов (1982), М.К.Хакимов (1987), Т.В.Кучер (1990), биологиядан – И.Т.Суравегина (1986), Г.Қарамергенов (1980), қазақ тілі мен әдебиетінен – О.Таныбаев (1992), орыс әдебиетінен – В.С.Санкеевич (1993), сабақтан тыс жұмыстарда (1997) т.б. экологиялық білім берудің ғылыми-әдістемелік жолдарын, мазмұндарын, мүмкіндіктерін зерделеген.

Мәселен, жекелеген ғалымдардың пікірлерін саралсақ, И.Д.Зверев экологиялық білім мен тәрбие беруде ғылыми білімдер беру арқылы көзқарастарын, сана сезімдерін тәрбиелеп, табиға ортаға деген сүйіспеншілік, жауапкершілік қатынастарын қалыптастыру мақсатын ашады.

